

Жайықта Шарабасов біреу ғана...



3-бет

БЛАГОДАРНОСТЬ – признак благородства души

4 стр.



7-бет

Устаздық қызмет – ұлы құрмет



9-бет

Ни одного дня без доброго дела!

13 стр.

Құрметті әріптестер, қадірлі студенттер!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесімен құттықтаймын!
Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз дана халқымызда
қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іресі сөйлемс бірліктің, ырыс пен
ынтымақтың мерекесі болып келген.

Тәуелсіздік алғаннан бері Наурыз жаңа сипатқа ие болды, ұлтына,
діни сеніміне қарамастан Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар
мен ұлттардың ортақ мерекесіне айналды.

Наурыз - өткенді саралап, болашағымызды болжауымыз ерекше кезең.
Осы тамаша мереке қарсаңында сіздерге зор денсаулық, отбасылық
тілік, ізгілік пен бақыт тілеймін!

Наурыз баршаңызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін. Жылдан-
жылға жаңа жетістіктеріңізге жетсе берейік!

Құрметпен,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің ректоры **НҰРЛАН СЕРҒАЛИЕВ**

Құттықтаймыз!

Қызылордада Абай Құнанбайұлының
175 жылдығына орай «Абай жолымен»
атты республикалық ақындар айтысы
ұйымдастырылды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін
Ерман жүргізген сөз додасына Серік Құсанбаев
(Шығыс Қазақстан облысы), Айбек Қалиев (Арқалық
қаласы), Аспанбек Шұғатаев (Павлодар қаласы),
Әсем Ережеқызы (Нұр-Сұлтан қаласы), Аруна
Керімбек (Ақтөбе облысы), Жансая Мусина (Батыс
Қазақстан облысы), Аян Ниязбек (Шымкент қаласы),
Сұлжан Тауболды (Алматы қаласы), Кенжебай
Жүсіпов, Мұхтар Ниязов, Мейірбек Сұлтанхан,
Бексұлтан Орынбасаров (Қызылорда облысы) қатысты.
Аламан бәйгенің қорытындысы бойынша М.Өтемісов
атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік универси-
тетінің қауымдастырылған профессоры Жансая
Мусина жүлделі I орынды иеленді. Әріптесімізді шын
жүректен құттықтай отырып, шалқар шабыт, шығар-
машылық табыс тілейміз!



Ортақ тарих, ортақ тағдыр – біртұтас ұлт

Осындай атаумен 3 наурыз күні М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Рухани жаңғыру» институты «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының ұйымдастыруымен облыстық ғылыми – тәжірибелік конференция өтті.

Жиынды М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі Шайхиев Тұрар Төлегенұлы ашып, жүргізіп отырды. Тұрар Төлегенұлы қатысушыларға алдымен конференцияның мақсат-міндеттерін түсіндіріп өтті. Профессор, педагогика ғылымдарының докторы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы жиынның кіріспе сөзін сөйлеп, одан әрі конференцияға қатысушылар өз баяндамаларын

баяндады. Атап айтар болсақ, «Қоғамдық келісім» КММ «Этносаралық қатынастар саласын талдау және мониторингілеу бөлімінің» жетекшісі Жумина Әсия Төлебайқызы «АНК – институт успешной интеграции гражданского общества и государственной власти», М.Өтемисов атындағы БҚМУ «Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік саяси пәндер» кафедрасының аға оқытушысы Гиззатов Саялбек Махамбетұлы «Этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудегі



ҚХА релі», ҚазИЖТЖУ аға оқытушысы, педагогика магистрі Байдеуова Әсемгүл Мирпайызқызы «Основные тенденции развития межэтнических отношений», М.Өтемисов атындағы БҚМУ «Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік саяси пәндер» кафедрасының оқытушысы Бекжанова Тұрсынай Сәлімгерейқызы «Ұлтаралық татулық пен бірлік – кемел келешектің кепілі» тақырыбында хабарламалар жасады. Жиын барысында еліміздің соңғы 25 жыл ішінде этносаралық саясаттағы қол жеткізген жетістіктері кеңінен сөз болды.

Конференция соңында қатысушылар сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

В ЗКГУ им. М.Утемисова состоялся международный научно-практический семинар «Актуальные проблемы социализации лиц с ограниченными возможностями здоровья в условиях специального и инклюзивного образования» совместно с Оренбургским государственным педагогическим университетом. Модераторами мероприятия являются канд. психол. наук, зав. кафедрой специальной психологии ОГПУ Королева Юлия, к.п.н., декан педагогического факультета ЗКГУ им. М. Утемисова Габдрахманова Шынар, к.п.н. Иргалиев Асылбек, заместитель декана по воспитательной работе педагогического факультета Айтжанова А.С. Мероприятие проводилось в очной форме с применением онлайн-технологий. Цель семинара: обсуждение вопросов социализации, проблем и перспектив организации психолого-педагогического сопровождения лиц с ограниченными возможностями здоровья в условиях специального и инклюзивного образования. Семинар позволил обменяться опытом и объединить усилия педагогов и дефектологов в решении актуальных проблем инклюзивного образования. В рамках мероприятия были организованы панельные дискуссии с обменом мнениями.

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ - ПУТЬ К ИНКЛЮЗИВНОМУ ОБЩЕСТВУ

Первая панельная дискуссия была посвящена актуальным проблемам инклюзивного образования в Российской Федерации и Республике Казахстан. С докладами выступили: канд. психол. наук Королева Ю.А., к.п.н., декан педагогического факультета ЗКГУ им. М. Утемисова Габдрахманова Ш.Т., директор ГБУ «Центральная ПМПК Оренбургской области» Никитина А.А., доктор социальных наук Дорота Подгорска-Яхник, педагог-психолог Мұрат Жансұлу, директор ГБОУ «Школа № 17» Невского района Санкт-Петербурга Сандеева Светлана.

Проблемы психолого-педагогического

сопровождения социальной интеграции лиц с особыми образовательными потребностями обсудили участники второй панельной дискуссии. Своим опытом с присутствующими поделились: д.п.н. Сардарова Жаннат, сурдопедагог Абдигалиева Гульжиян, психолог Киякбаева Гулнур, магистр Баюканская Светлана, доцент Феофанов Василий. В ходе семинара участники презентовали свой опыт, обменивались мнениями и обсуждали самые актуальные и проблемные вопросы продвижения инклюзивного образования и социальной инклюзии.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА



28 ақпан күні «Құқықтық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің тапсырмасына сай ЖОББМ мен ЖОО арасындағы байланыс орнатуды негізге ала отырып, оқушыларға болашақ мамандықтарын таңдауға бағытталған түсіндірме жұмысы жүргізілді. Шара барысында аға оқытушы Т.И.Казиев мамандықтың қыр-сырымен таныстырып өтті.

Бағым бергі



Концерттік бағдарламамен қатар, Құқықтану мамандығының 1-курс студенттерінің арасында пікірталас турнирі оздырылған болатын. Турнир қорытындысы бойынша ЮР-11 тобы I орынды, ЮР-13 тобы II орынды, ЮР-15 тобы III орынды иеленді. Ал ЮР-17 тобы «Үздік талпыныс» номинациясымен марапатталды. Шараға № 38,22,27,42,34 мектептердің 9-11 сынып оқушылары белсене қатысты.

Жайықта Шарабасов біреу ғана...

28 ақпан күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Жайық-ұстаз» атты ұстаз-ғалым Серікқали Ғабдешұлы Шарабасовты еске алу кеші өтті.



«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, бұл әдеби кешті өткізудегі мақсат-студенттерге, жас буынға игі жақсыларды таныстырып, тәрбиемен сусындату. Кештің шымылдығын ашу үшін алғысөз университетіміздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Дәрішева Тұймеш Малбағарқызына берілді. Тұймеш Малбағарқызы өз сөзінде: «Біздің университетімізде ұзақ жыл еңбек сіңірген ұстаздар өте көп. Соның бірі - халқымыздың жанашыры, абыройлы азамат, бүгінгі еске алу кешіміздің себепкері болып отырған Серікқали Шарабасов. С.Ғабдешұлының өмірден озғанына 4 жыл өтті. Мен де сол кісінің шәкіртімін деп айта аламын. Талай рет дәріс алып, бірге қызмет атқардық. Бізді биікке көтеріп, өз білімін беріп, тәрбиесін бойымызға сіңірді. Сол еңбегін қанша жыл өтсе де ешқашан ұмытпаймын. Мен өзім көзім көріп, сол кісінің шәкірті болғанымды мақтанышпен айта аламын, - деп ұстазы жайлы үзік сыр шертті.

Кешке көптеген қонақтармен қатар Серікқали Шарабасовтың жұбайы Өспет Өтеғалиқызы да қатысқан болатын. Жазушының жұбайы:

- Ол кісі өте еңбекқор болатын. Түн демей, күн демей жұмыс жасап, сырқаттанып жатқанына да қарамастан еңбек ететін. Студенттеріне қатты көңіл бөлуші еді. Оларды тіпті демалыс күні жинап алып, мұражайға, Жайықтың жағасына алып баратын. Жалпы ол табиғатқа, сұлулыққа құмар адам болатын. Серікқалидың осындай биікке көтерілуіне өз үлесін қосқан Зейнолла Қабдолов болды. Ол біздің әкеміздей тәрбие беріп, бар білгенін үйретті. Ылғи «Серік ініме» деп хат жазып, Серіктің жағдайын біліп тұратын. Зейнолла Қабдоловты туған әкеміздей сыйлайтынбыз, - деп көзіне жас алды. Сондай-ақ, кеш барысында ақын, Жазушылар мен Журналистер одақтарының мүшесі Ғайса-Ғали Сейтақ, ардагер ұстаз, Жұбантанушы, ғалым Үзілдік Елеубайқызы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымының докторы Мұрат Сабыр, мәдениет саласының ардагері, Ж.Молдағалиев атындағы кітапхана директоры қызметін ұзақ жылдар бойы атқарған, Серікқали ағамыздың жақын, сыйлы қарындасы Роза Жақияқызы, университетіміздің ардагер ұстазы Кеңес Тастаев, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, «Білім беру саласының үздігі», Жаңақала ауданының құрметті азаматы Темірғали Қайырғалиев, ардагер ұстаз Меруерт Жолдықайырқызы, Серікқали ағамыздың шәкірті, Орал қалалық діни басқармасының хатшысы Нұрлан Қабекешов, Хамза Есенжанов атындағы жасөспірімдер мен балалар кітапханасы директорының орынбасары Хамзина Гүлназ ұстаз туралы сыр шертіп, әдемі әңгіме өрбітті. Одан әрі кеш филология факультетінің өнерлі студенттерінің шағын концертпен өз жалғасын тапты. Таңдайына бұлбұл ұялаған әншілеріміз ән айтып, қазақтың қара домбырасымен күй шертіп, ағамызға арнап жыр жолдарын оқыды. Кешке куә бола отырып, орны ойсырап қалған асыл адамға таңырқай қарайсың. Тіпті, асқан білімі мен осыншама еңбегіне таң қаласың. Шәкірттерінің, үзеңгілес дос-бауырларының сөзін тыңдай отырып, бойыңа үлкен патриоттық сезім мен тәрбиенің тамырын сіңіресің. Ол кісінің қандай тұлға, нағыз азамат болғанын сезініп, ерекше күйге бөленесің. Бұл - Серікқали Шарабасовтың жылдар бойы төккен терінің жемісі.

Нұрайлым ҚҰБАЕВА,
Филология факультетінің 1-курс студенті

Татылымды кеш

Доцент т.ғ.к., Б.С.Боранбаеваның жетекшілігімен ұйымдастырылған «Атамекен» үйірмесінің мүшелері Алаш қайраткері «Ғабдолғазиз Мұсағалиевтың өмір мен қоғамдық қызметі туралы тарихи деректер» атты шара өткізді.

Үйірме мүшелері ХХ ғасыр басында өмір сүрген Бөкейлік Алаш зиялысының өмірі мен ұлт мүддесі үшін жүргізген қоғамдық қызметі туралы ой-пікірлерімен бөлісті. Шараға қатысқан Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейі маркетинг технологиялары және цифрландыру бөлімінің маманы Р.Б.Кажушева студенттерді музей қорындағы Ғабдолғазиз Мұсағалиевтың өмірі мен шығармашылығына қатысты құжаттармен таныстырды. Тарих мамандығының 3-курс студенті Ж.Жақасай «Гүлжихан» дастанының мазмұны туралы әсерлі әңгіме айтып берді.

Сыр шертті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде филология факультеті мен университет мұражайының ұйымдастыруымен «Дети войны» атты сұрапыл соғыс кезін өз көзімен көрген соғыс балаларымен кездесу кеші өтті.

Алдымен 1 минуттық үнсіздік жарияланып, қатысушылар соғыс құрбандарын үнсіздікпен еске алды. Кештің алғысөзін сөйлеген филология факультетінің деканы Муханбетқалиев Өскен Самұратұлы Жеңісті жақындатқан ата-бабаларымыздың есімі ешқашан ұмытылмайтынын тілге тиек етті. Ал кеш қонақтары филология ғылымдарының кандидаты Жигалин Николай Сергеевич пен аға оқытушы Нурушева Тамара Ивановна ызғарлы соғыс жылдарындағы қиындықтар мен ащы естеліктерімен бөлісті. Кеш барысында студент-жастар бірқатар өлеңдер оқып, шара шет тілі мамандығының I курс студенті Аяжан Тулеушованың орындауындағы «Қазақстан» әнімен қорытындыланды.

Наурыз айының 13-жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Тарих, экономика және құқық факультеті ҚР тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен тарих ғылымдарының докторы, ғалым-ұстаз Бірімжаров Бақтығұл Қабдірұлының атымен аталған дәрісхананың ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанатына тарих ғылымының дамуына зор үлесін қосып жүрген профессор-оқытушылар мен студенттер қатысты. Арнайы шақырылған қонақтар тізімінде ғалым-ұстаздар, тарих ғылымдарының докторы Т.З.Рысбеков, Б.Ғ.Шынтемірова, Х.И.Қужабергенова, ардагер-ұстаздар М.Қ.Құсайынов, С.Х.Сүлейменов, К.Т.Тастаев, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелері Ғайса-Ғали Сейтақ, Серік Ықсанғали, ақын Айтқали Нәріковтер болды. Сонымен қатар, факультет ұжымы, Бірімжаров Бақтығұл Қабдірұлының ұлы Асхат пен қызы Асель Бірімжаровалар, ғалымның жиендері қатысты.

Ғалым-ұстазға құрмет

Арнаулы аудиторияның алғашқы ашылуына арналған алғысөз ұстаз, ғалым Т.З.Рысбековке беріліп, лентаны М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқу әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы А.С.Тасмағамбетов екеуі кесті.

Бірімжаров Бақтығұл Қабдірұлы 1947 жылы 1 маусымда Батыс Қазақстан облысы Бөкей Ордасы ауданы Сайқын ауылында дүниеге келген. 1955-1966 жылдары М.Мәметова атындағы Сайқын орта мектебінде оқыған. 1967-1972 жылдары Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетінде оқып, университетті үздік дипломмен бітірген. 1976-1979 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясы Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының аспирантурасында оқып, профессор К.Нұрпейісовтың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын, 1997 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғаған.

Еңбек жолын біздің университетімізде 1972 жылы тарих факультетіндегі «Жалпы тарих» кафедрасының оқытушысы ретінде бастап, саналы ғұмырының 37 жылын университет студенттеріне білім беруге, тәрбие беруге арнады. Ғалым-ұстаз ғылым жолында Батыс Қазақстандағы, оның ішінде Кіші жүздің ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы саяси, экономикалық, мәдени-рухани мәселелері, ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы Батыс өлкенің ауыл шаруашылығы дамуының тарихы, өлке тарихы, оның ішінде Бөкей Ордасы тарихы, тарихи тұлғалар, қызметкерлері, Отан тарихының өзекті мәселелерін

зерттеп, «Аграрная политика Казахстана в 60-80-ые годы: целевые установки» (1993ж.), «Социально-экономическое развитие аулов и сел Казахстана в 60-80-ые годы (по материалам западных областей)» (1996ж.), «Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда» (2005ж.), «Бөкей Орда» (2017ж.) атты монографияларын, «Бөкей Орда тарихы» (2001ж.), «Батыс Қазақстан облысының тарихы» (2002ж.), «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылық энциклопедиясы» (2006ж.) атты ұжымдық еңбектерін, «Қазақстан Республикасының тарихы» (1997ж.), «Қазақстан тарихы қазіргі заман» (2000ж.), «Дүние жүзілік тарихы және Қазақстан тарихы қазіргі заман кезеңі» (2001ж.), «Батыс Қазақстан тарихынан 18-19 ғ.ғ.» (2002ж.), «Перзент парызы» (2007ж.) атты анықтамалығын, оқу-әдістемелік құралдарын, оқулықтарын, 120-дан астам ғылыми мақалаларын жарыққа шығарды.

Сондай-ақ тарихшы-ғалымның ғылыми жетекшілігімен А.С.Байбулсинова, Е.Е.Хайдаров кандидаттық диссертацияларын, 10-нан аса магистранттар магистрлік диссертацияларын жазып, қорғады.

Осындай ұстаздың, ғалымның тұлғалық бейнесімен, ғылыми жетістіктерімен жастарды жете таныстырып, оны



үлгі тұта отырып, тарихқа деген сүйіспеншіліктерін, елге деген құрметтерін арттыру – тарих жанашырларының, яғни біздің басты мақсатымыз деп есептейміз.

Аяжан ОКАСОВА,
ИСТР-41 тобының студенті

БЛАГОДАРНОСТЬ – признак благородства души

День благодарности – новый праздник, наполненный особенным смыслом и духовной радостью. Именно этому замечательному дню и посвящено было мероприятие в ЗКГУ им. М.Утемисова, организованное Научной библиотекой вуза.



Стало уже доброй традицией проводить в библиотеке этот светлый праздник. С поздравительной речью выступила директор научной библиотеки Тоты Еркиновна, которая отметила важность этого праздника, который позволяет выразить друг другу признательность за добрые дела и поступки. Она пожелала всем мира, добра и хорошего настроения. Гости вечера – профессор Кузмичева Александра Егоровна, преподаватель кафедры казахской филологии – Шайекенов Жангельди, к.п.н. Терещенко Татьяна, старший преподаватель Мухамбетова Гайнеш, к.э.н. Ахонова Гулнара, сотрудник хозяйственной службы Жумагалиев Аубакир, а также преданные читатели-студенты библиотеки – рассказали о

важности Благодарения, о роли библиотеки в жизни человека, о пользе чтения.

Зрители имели возможность насладиться волшебным пением в исполнении Тлеубаевой Айданы – песни «Алтын Бесік», Олжагали Айданы – «Туған жер». Мероприятие состоялось в необычном формате, получилось ярким, интересным и праздничным. В завершении мероприятия Тоты Еркиновна пожелав всем участникам побольше приятных и радостных встреч, вручила гостям памятные подарки. Все присутствующие были приятно удивлены и благодарны библиотеке за внимание и подарки.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, ұрпағына ұлылығын танытып, бір қауымға бас-көз бола білген ардагерлеріміздің орны қашанда ерекше. 3 наурыз күні осындай қадірлі жандар, университетімізге зор еңбегін сіңірген аяулы ұстаздардың қатысуымен, Тарих, экономика және құқық факультетінің ұйымдастыруымен «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып!» тақырыбында ардагер — ұстаздармен сыр-сұхбат кеші өткізілді. Оған тарих ғылымдарының докторы, академик Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы, аға оқытушы Тастаев Кеңес Тастайұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сдыков Мұрат Наурызғалиұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Қожабергенова Қамида Иқсанқызы, тарих ғылымдарының докторы, доцент Нұрғалиева Ағила Мұстақымқызы құрметті қонақ ретінде шақырылды.

Үлкендер жолы - ұлылық

Кеш университет тарихынан сыр шертетін шағын бейнероликпен басталды. Кейін Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы Нестеренко Галина Ивановна сөз алып, қатысушыларды Алғыс айту күнімен құттықтады. Одан әрі студенттер қауымы ұстаздарға «Ұстаздық жолды таңдауыңызға не себеп?», «Университетте қызмет еткен кездеріңізде естеріңізде қалған қызықты оқиғалар?», «Ұстаздық өмір жолдарыңызда қандай қиын сәттер болды?», «Мақтан тұтатын шәкірттеріңіз кімдер?», «Ұстаз деген атқа лайық болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек?», «Өмірден түйгеніңіз?» деген сынды тағы да басқа көптеген сұрақтарын қойып, ұстаздардың әсерлі әңгімесін тыңдады. Ал факультет студенті Нұрбол Сағындық Түркештің күйі «Көңілашарды» шертіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Кешті Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі Журсова Алтынай Шұғайқызы қорытындылап, ұстаздарға алғысын айтып, ақ тілегін арнады. Кеш қонағы Тұяқбай Зейітұлы қатысушыларға ақ батасын беріп, жиын естелік суретке түсумен өз мәресіне жетті.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Алғысым шексіз, АРДАҚТЫМ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен алғаш рет 2016 жылғы 14 қаңтар Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні, яғни 1 наурыз елімізде Алғыс айту күні деп жарияланған болатын. Осыған орай Жаратылыстану-география факультетінің белсенді студенттер құрамы кіші қызметкерлер мен кафедра зертханашыларына алғыс айту шарасын ұйымдастырды.



Факультет деканы А.А.Тургумбаев қызметкерлердің университет қабырғасында атқарған еңбектерінің елеулі екендігін айта отырып, Алғыс хатпен марапаттады. Өз кезегінде қызметкерлер де факультет ұжымы мен студенттерге ақ тілектерін арнады.

Аталмыш шара ардагер ұстаздарымызға арналған «Алғысым шексіз, ардақтым» тақырыбындағы жиынмен жалғасын тапты. Ардагер ұстаздарға «Г-21» тобы

студенттері мен топ кураторы Б.Ходжанованың ұйымдастыруымен мерекелік бағдарлама даярланды. Студенттер әуезді ән шырқап, жыр шумақтарын оқып, би биледі. Қонақтар шара соңында алған әсерлері туралы бөлісіп, студенттерге ризашылықтарын білдірді.

Г.Қ.СМАҒҰЛОВА,

«Б-21» тобы «Биология» мамандығының студенті



Мын алғыс!

Мен жаратылыстану-география факультеті Биология мамандығының 4-курс студентімін. Қазіргі таңда қаламыздағы №47 жалпы орта білім беретін мектепте биология пәні бойынша мемлекеттік сараманнан өтіп жүрмін. Сараман барысында университет қабырғасында ұстаздарымның берген тәлімін өз тәжірибемде қолданудамын. Өсіресе, Кембридж тәсілімен дайындалған «INSERT», «ДЖИКСО», «Шындық стратегиясы», «Синквейн», «Кубизм», «Фишбоун», «Кластер», «Ирек әдісі», «Ойлан, жұптас, бөліс», «Айналмалы бекеттер», «ТВ шоу», «Ыстықорындық», «Миға шабуыл», «Терминдер сөйлейді», «Мылқау сурет», «Сәйкестендіру», «Биологиялық диктант», «215 әдісі» сынды тағы да басқа әдістерді түрлендіріп, сабақ беру арқылы оқушыларға тақырыпты түсіндірудің өзіндік өзектілігі бар екендігіне көз жеткіздім. Өзімнің осындай әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып және сабақ барысында түрлендіре алуым оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер курсына жетекшілік еткен б.ғ.к, доцент Г.А.Бимагамбетованың берген тәлімінің нәтижесі деп білемін.

Жетекшіме үлкен алғыс білдіре отырып, еліміздің болашақ ұстаздарын дайындаудағы өрелі жұмысыңыз бен мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы ісіңізге толымды табыс тілеймін.

А.С. НУРМБАЕВА,

Б-47 тобының студенті

В программном документе «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Глава государства подчеркивал, что одним из главных условий модернизации общественного сознания является сохранение собственного национального культурно-генетического кода, фундаментальная основа которого - патриотизм.

Соединяясь с ценностями и нравственными ориентирами, патриотизм приобретает национальную идею. В этой связи патриотизм рассматривается как часть национальной стратегии государства, и одна из его основ закладывается в любви к своей малой родине, родной земле – Туған жер.

Знание, изучение, исследование и определение истории и истоков, а также основоположников учреждений, организаций и предприятий страны

выдвинули на должность начальника учебной части Объединенной Военной школы имени ЦИК Казахской ССР. Было отрудно, что казахи, представители национальностей, которые буквально в считанные годы вошли в колею общей воинской подготовки населения, сейчас имеют свою специальную школу, ведущую выучку командиров из лиц коренной национальности. На меня как человека этой же национальности, получившего высшее военное образование, это налагало особую ответственность. Надо было все приобретенные знания и опыт отдать молодым. Правда, через год меня назначили начальником строевого отдела Военного комиссариата Казахской АССР, и замыслы, связанные с передачей опыта, пришлось реализовывать на новом месте. В 1927 году я был удостоен, пожалуй,

(начального) образования наш дед упоминал и раньше: «Мы занимались военной теорией, тактикой, строевой подготовкой, изучали фортификацию. Исключительное значение придавалось занятиям по верховой езде. Нас обучали стрельбе лежа и с колена, рубке шашкой, умению ухаживать за конем. Я, сын степняка, очень был удивлен, когда нам объявили название нового предмета «гиппология» («лошадеведение»). Кто бы мог подумать, что существует наука, изучающая все о лошади! Поэтому я с особым жаром изучал все, что касалось лошади – анатомическое строение животного, его физиологию, болезни, гигиену, повадки, особенность его ковки». Эти знания пригодились и в дальнейшей военной научно-педагогической деятельности Шакира Джексенбаева, которое отражено в его послужном списке:



Шакир Джексенбаев
предвоенные годы работы в
Калининском военном училище

ОСНОВОПОЛОЖНИК военного образования



является одной из основ патриотического воспитания.

В настоящее время молодежь интересуется историей, основоположниками своих школ, колледжей, средних и высших учебных заведений. Однако, недостаточно информации в литературе об истории и основоположниках казахстанских военных (в том числе высших) учебных заведений, которых не так и уж много.

На данный вопрос мы нашли ответ из личного листа по учету кадров нашего деда, первого казахского генерал-майора технических войск СССР Шакира Джексенбаева, который с 1925 по 1926 гг. был начальником учебной части Объединенной военной школы им. Каз.ЦИКа. Принимая во внимание то, что до Советского периода даже не упоминалось о военных формированиях казахов, не говоря об учебных заведениях, то это есть первое военное учебное заведение Казахстана. Доказательством тому является то, что первый ВУЗ - нынешний КазГУ, организован в 1930 году, а второй - нынешний Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова в 1932 году.

Из книги мемуарного плана «И горек дым войны», вышедшее к 40-летию победы в г. Алматы в издательстве «Жалын» в 1985 году, Шакир Джексенбаев отмечает: «... в тот же год (1925 г.) меня



высшей почести – общественного доверия – меня избрали кандидатом в члены Центрального комитета совета рабочих, крестьянских и красноармейских депутатов Казахской АССР. Вскоре пришлось распространиться с родной республикой – меня перевели начальником штаба 110-го стрелкового полка 37-й стрелковой дивизии Белорусского военного округа.

О характере, структуре военного

-1940-41 гг. служил командиром курсантского батальона ПХО Калининского Военного училища химической защиты РККА.

-В августе 1945 года назначен начальником 2-го факультета военной академии химической защиты имени К.Е. Ворошилова.

-Май 1949 года - старший преподаватель военно-химического дела кафедры общей тактики и оперативной

подготовки Военно-Инженерной Ордена Ленина Краснознаменной Академии имени В.В. Куйбышева.

-Май 1952 года - начальник кафедры противохимической защиты той же Академии.

-1958-62 гг. - командир инструктор Московской городской школы ПВО ДОСААФ.

-1962-63 гг. - преподаватель кафедры специальной подготовки Московского Ордена Красного знамени Инженерно-Строительного института имени В.В. Куйбышева.

-1963 г. - старший преподаватель военной кафедры Московского Автомеханического института.

-1964-1975 г. - начальник курса военной кафедры Московского Завода ВТУЗа при Московском Автомобильном заводе имени И.А.Лихачева.

На такие высокие должности выдвигались только известные, высококласные специалисты, не говоря о представителях национальных меньшинств.

Выше приведенные данные из автобиографии Шакира Джексенбаева, подписанные лично 5 сентября 1977 г., и из книги мемуарного плана «И горек дым войны» (г. Алматы, издательство «Жалын», 1985 год).

Шакир Джексенбаев прошел большой боевой путь. Его хорошо знают и помнят и в России. Думаем, что его поистине героическая жизнь достойна увековечения и на исторической родине – в Казахстане. Ныне в Министерстве обороны РК при поддержке республиканского совета генералов и региональной общественной организации «Казахская национально-культурная автономия Москвы» рассматривается вопрос о присвоении имени Шакира Джексенбаева одному из военных институтов в Республике Казахстан. В этом случае мы готовы передать им личные вещи генерала – оригиналы аттестата 1912-17 гг., фотоаппарат 1938 года с надписью «Трудовая коммуна НКВД имени Ф. Держинского», китель, грамоты, книги, публикации и рукописи. При этом хочется, чтобы не только будущие защитники Казахстана знали и помнили своих героев-соотечественников. Их имена принадлежат всему народу.

Асылтас АЙТАЛИЕВА,
магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова

Әл-Фараби Аристотельден кейінгі дүние жүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым, астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғаттану, социология, лингвистика, поэзия, риторика, философия ғылымдарын меңгеріп, 200-ге жуық трактаттар жазған. Өкінішке қарай, осынау ұшан-теңіз рухани туындылардың көбісі жоғалып, біздің заманымызға тек 40 шақты еңбегі ғана жеткен. Азияның ұлы ғалымдары мен ойшылдары Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Беруни, Бозжани, Омар Хаям және т.б. өздерін Әбу Насыр әл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Әбу Әли ибн Сина: «Бұрын еш түсіне алмай жүрген грек метафизикасын толығымен осы әл-Фарабидің кітабын оқып түсіндім» - деген екен.

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келді. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдете түсті. 950 жылы Дамшық қаласында дүниеден озды.

Әл-Фараби «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» тектес трактаттары арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Ол ежелгі заман ойшылдары Аристотель, Платон, Гален шығармаларына терең талдаулар, түсініктемелер жазды. Әл-Фараби сонымен бірге әлеуметтік-қоғамдық және этика саласына да қалам тербеген. Мысалы, «Бақытқа жету жайында» деген еңбегінде «оның бірден-бір жолы – ғылымды, білімді игеруде» деп насихат айтады. Ал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерге талдау жасайды. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Бабамыздың бұл шығармасындағы мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моральдық бейнесі, қала өкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтылған пайым-пікірлері бүгінгі күнге дейін өзекті. Ал ғұлама әдебиет теориясына арнаған «Өлең кітабы» атты еңбегінде өлең жазу ісіне қойылатын шарттарға тоқтала келе, ішкі терең мағынаға сыртқы пішін, яғни сұлу ұйқас үндесіп келгенде ғана әсем жыр туындайтынын айтады.

Әл-Фараби мұраларын зерттеуге еліміздің атақты ғалымдары Ә.Марғұлан, А.Көбесов, Р.Бердібай, А.Қасымжанов, Ә.Дербісәлі тағы басқалар да ат

Шығыстың көрнекті ойшылы

салысты. 1975 жылы Мәскеу қаласында белгілі шығыстанушы ғалым Б.Г.Ғафуров пен А.Х.Қасымжановтың орыс тілінде шыққан «Әл-Фараби мәдениет тарихында» («Аль-Фараби в истории культуры») атты кітабы араб-мұсылман философиясы мен мәдениетін зерделеп, фарабитанумен шұғылданушы ғалымдар арасында үлкен серпіліс тудырды. Сондай-ақ белгілі жазушы қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романын қазақ оқырмандары үлкен ықыласпен қарсы алды.

Әлем мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған Фараби мұрасын жинап, жүйелеп, зерттеп, ғылым игілігіне, ұлт мүддесіне жаратуда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен жасалған «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде әл-Фарабидің он томдық еңбектерінің жарыққа шығуы үлкен маңызға ие болды.

1991 жылы Қазақ Ұлттық университетіне Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді. Ал 1993 жылы осы университетте әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Соңғы жылдары университетте әл-Фараби оқулары өткізіліп тұрады. Қазіргі таңда бас оқу ордамызда арнайы ашылған әл-Фараби мұражайы жұмыс істейді. 2000 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.Сапарбаевтың қолдауымен әл-Фарабидің 1130 жылдығы халықаралық деңгейде Шымкент қаласында аталып өтті. Әкім бекіткен арнайы сыйлық пен Әбу Насыр әл-Фараби атындағы сыйлықтың №1 куәлігі артына мол мирас, өшпес іс қалдырған әл-Машаниға берілді. Әбу Насыр әл-Фарабиге арналған республикалық дәрежедегі ғылыми конференциялар әр бес жыл сайын бабамыздың туған жері Отырар ауданында өтіп тұрады. Отырар ауданының орталығы Шәуілдір ауылында ашылған «Даңқты бабалар кешенінде» Әбу Насыр әл-Фарабидің еңселі ескерткіші бой көтерген. Ауданда Әбу Насыр әл-Фараби атындағы руханият мұражайы жұмыс істейді. 2017 жылы сол кездегі Отырар ауданының әкімі А.Құртаев, шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі бастаған делегация Дамаск-Дамшық қаласындағы әл-Фараби бабамыздың зиратына туған жері Отырардың топырағын апарып, зираттан алған топырақты Отырардағы Арыстанбаб кесенесінің жанына әкеліп қойды. Бүгінде бұл жер зиярат етушілер көп тоқтайтын киелі орынға айналды. 2007 жылы республика үкіметінің шешімімен



Дамаск қаласында әл-Фараби бабамыздың басына кесене салуға қаржы бөлініп, құрылысы басталған болатын. Алайда Сириядағы соңғы жылдардағы ахуалға байланысты құрылыс тоқтап қалды.

2020 жылы ұлы ойшыл, шығыстың Аристотелі атанған, Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толады. Фарабидің 1150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілуі, бабамыздың асыл мұраларын дүние жүзі кітапханаларынан жинақтап, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аударылуы, Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан сынды қалаларда ескерткіштер орнатылуы, көше, мектеп, ауыл, аудан, қала аттарының берілуі, көп сериялы көркем фильм түсірілуі, әл-Фараби мұраларын зерттейтін арнайы ғылыми-зерттеу институтын ашылуы сияқты іс-шаралар қамтылуы тиіс деп ойлаймын.

Сабина КУАНДИХОВА,
Ист – 41 тобының студенті


Ұлтын сүйген, ұлты сүйген нар тұлға!

Сан тараулы тамырлы тарихымызды таңданыспен толғауда әдебиетіміздің алар орны ерекше. Өзіміздің өмірде өрілген өткір тілде сөйлеп, қарабайыр тілдің қаспағын қырып, жілігін шағып, майын ішкен, орақ ауыз, от тілді заңғар тұлғаларымыз да жетерлік. Соның ішінде, құдіреті мен қасиеті артқан қазақ даласында түлеген, тумасынан дараланған асыл сөз зергерлерінің бірі – Әбіш Кекілбайұлы.

Әбіш Кекілбайұлы - еліміздің рухани тіршілігінде болсын, саяси-әлеуметтік өмірінде болсын ойып тұрып орын алған тұлға. Ол – арзан сөз сөйлеп тіл қадірін қор қылмайтын, елін, жерін намысындай қорғап, қиын тұста демеп қолдайтын күрескер. Ол – бұлақ сынды көзін ашсаң көкірегінен күміс өлең төгілетін, жауһар жыр мен сырлы, сүбелі сөздің, текті тілдің егесі. Ол – түпсіз терең шыңырауда жатса да жүрек түкпіріндегі жалынды сөздері жаңғырып тұратын, көксегенінің кемеліне жететін кемеңгер көсемсөз шебері.

Әбіш атамыз бір сөзінде «Жайқалып тұрған жасыл бағы жоқ, шалқып жатқан теңізі болғанымен мөлдіреп жатқан бұлағы жоқ, барлығы қат, барлығы тапшы, барлығы зәру, соның бәрін болса екен дейтін адам алыстарға, қияндарға қиялын жұмсап отырады. Мен өз басым, маған сөздің де дертін, өмірдің де дәмін, өнердің де қадірін ұқтырған өзімнің туған топырағым деп ойлаймын. Мен егер Маңғыстауда тумасам, бәлкім басқа адам болар ма едім. Сол үшін мен азды – көпті өнерім үшін де туған жерге қарыздармын!» деген болатын. Мен үшін ұлттық руханияттың алып бәйтерегіне айналған алтын адамның саясында, мәрт тұлғаны түлеткен, маңғаз Маңғыстауда туылғаным – үлкен мақтаным.

Ақын ақын болу жолында, жазушы жазушы болу жолында әдебиет саласының бір кірпіші болып қалануы үшін, ел есінде мәңгі қалу үшін, талай туындылары бір ғасырға емес мың ғасырға татитындай болу үшін өзіне тән тілі, жазу стилі, көркемдік ерекшеліктері болу керек деп ойлаймын. Осы тұрғыда жалпақ әлемді аузына



қаратып, көрікті ой айтып, көсіле сөйлеген қаламгердің өзінде жоқ өзгеше ой өрнектерін, сырлы да сиқырлы сөздерге бай сөздік қорын, елден еселеп ерекшелендіріп тұратын өзіне тән өзгешелігін айтуға болады.

«Егер де белгілі бір ақынның немесе жазушының қасиетін танып, өз құрметінді білдіргің келсе, олардың шығармашылығымен танысып, кез келген өлеңін жатқа оқып немесе бір шығармасын әңгімелеп бер. Бұл сенің сол асыл тұлғаға деген көрсеткен құрметіңнің белгісі» деген сөз бар. Осы негізде өз аудиториясын жинап, отты туындыларымен оқырмандарының қызығушылығын тудырып, әрбірінің жүрегіне тікелей жол тарта білген Әбіш – ұлы жазушы. Құдіретті сөздің қадірін кетірмеген

қаламы қарымды қаламгердің ғажайып тілі мен ғибратты сөздерін қалт жібермей оқитын оқырман қауым да - ұлы. Әбіш атамыз да «Ақын еңбегінің жалғыз өлшемі – оның адам жүрегіне қаншалықты жақындай алғаны» - деп жазған болатын.


Әбіш Кекілбаевтың өрнекке толы өмірі мен шытырман шығармашылығына пікір білдірушілер де өте көп. Есенбай Дүйсенбайұлы өзінің кезекті бір мақаласында «Намыс пен Нартәуекелді жалау етіп, жап-жас шағының өзінде-ақ адамзаттық ақыл-ой алыптарының арғы-бергі білім қорын түбіне жете түгел игеру, оның үстіне, Құдай берген дарын-қабілеті арқасында ұстазы Әуезовтың ілтипат-ықыласын аударған Кекілбаев – суреткердің әп дегеннен-ақ өз шығармаларына тағдырын, жер тағдырын, халық бейнесін алтын арқау, желі еткеніне тіпті де таңдануға болмас. Өз түсінігімше, осы тұрғыда ол ұлттық әдебиеттегі сирек құбылыс қана емес, әлемдік деңгейдегі Толстой, Шекспир сынды титандармен үндес те рухтас деп ойлаймын» - деп атамыз туралы өз пікірін білдірген болатын.

Жазушының тілі қаншалықты күрделі болса, соншалықты қадір-қасиеті жоғары. Әдебиет саласынан бөлек, ел басына қиын-қыстау күн туғанда халқына басу айтып, әділдік пен адалдық жолында күресіп, елге қиындықты еңсеру керектігін ұқтырған қоғам қайраткері екендігін білеміз. Тәңір тұлғасына дарытқан тектілігінің, сарқылмас сабырының, дара дарынының, ел құрметтеген асыл қасиеттерінің арқасында Әбіш атамыздың есімі өлмек емес. Өлмеген, өлмейді де! Жазушының өзі айтпақшы, «Алтынның азбағы, асылдың тозбағы, жайсаңның жаттан шығып, ұмытылмағы тіпті де мүмкін емес».

Жарқ еткен ғибратты ғұмырында ұлттан сүйген, ұлты сүйген нар тұлға Әбіш Кекілбайұлы – тұтас тарих, бүтін бір әлем!

Жадыра ҚҰЛТАЙ,
«Филология: қазақ тілі»
мамандығының 4-курс студенті

Қазақстанда коронавирус жұқтырған науқастардың саны күн санап өсуде. 2019 жылғы желтоқсан айында пайда болып, бүгінде дүниежүзін дүрліктіріп тұрған коронавирустың ресми атауы – Covid-2019.



Covid-2019. Бұл не?

Covid-2019 – коронавирустың осы уақытқа дейін анықталмаған жаңа түрі. Коронавирустар көбіне жануарларды зақымдайтын вирустар тұқымдасы болып табылады, бірақ кей жағдайда адамға да жұғуы мүмкін. Covid-2019 – коронавирустың адам ағзасына әсер ете алатын жетінші түрі.

Коронавирустың қаупі қандай?

Қалыпты жағдайда Covid-2019 жұқпасынан кейін асқину қаупі жоқ. Бұл вирус:

- 65 жастан асқан адамдарға;
- бес жасқа дейінгі балаларға;
- жүкті әйелдерге;

- иммунитеті әлсіз не жүрек, өкпе, бүйректің созылмалы аурулары бар адамдарға қауіп туғызуы ықтимал.

Сырқат кей науқастарда ауыр түрде өтіп, пневмония мен тыныс алудың қиындауына әкелуі мүмкін. Сирек жағдайда вирус өлімге әкеледі.

Covid-2019 симптомдары

Коронавирус кәдімгі тұмау тәрізді болғандықтан, оның алғашқы белгілерін көп адам байқай бермейді. Дегенмен, дәрігерлер келесі симптомдар білінсе, бірден дабыл қағуға кеңес береді:

- дене қызуының көтерілуі, жоғары температура;
- құрғақ қатты жөтел;
- бастың ауруы;
- кеуде тұсының ауруы;
- ентікпе және тыныс алудың бұзылуы;
- жүрек қағысының жиілеуі;
- пневмония;
- безгек;
- мұрынның бітуі;
- фарингит;
- диарея.

Осындай симптомдарды байқасаңыз, 103 нөміріне хабарласып, бірден медициналық мекемеге хабар беріңіз. Әсіресе вирус тараған елдерден сапарлап келген болсаңыз, міндетті түрде тексерілген жөн.

Коронавирус қалай жұғады?

Коронавирус респираторлық жолмен жұғады. Covid-2019 инфекциясын жұқтырған адаммен жақын байланыссаңыз, қауіпті дертке шалдығыңыз әбден

мүмкін. Инфекция ауру жұқтырған адамнан келесі адамға жөтелгенде не түшкіргенде науқастың мұрнынан, аузынан бөлінетін ұсақ тамшылар арқылы беріледі. Бұл тамшылар заттардың бетіне, есік тұтқасына түседі. Ол заттарды ұстаған адам қолын жумастан көзіне, мұрнына немесе аузына тигізсе, ауруды жұқтырады. Сондықтан, коронавирусқа шалдыққан адамнан 1 метрден аса қашықтықта жүру маңызды. Қазіргі уақытта ғалымдар вирустың заттардың бетінде қанша уақыт тіршілік ететінін анықтауда. Вирус бір сағаттан бірнеше күнге дейін өміршеңдігін сақтай алады деген болжам бар. Сондықтан, вирусты өлтіру және олардың адамға жұғуына жол бермеу үшін қарапайым дезинфекциялаушы заттарды қолдануға болады.

Коронавирустан қалай сақтану керек?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының инфекцияның алдын алуға беретін кеңестері:

- Қолды әр жарты сағат сайын 20 секунд бойы сабындап жуу;
- Микробтарды өлтіруге антисептик көмектеседі. Медициналық спирт те қолдануға жарайды. Егер спиртке аллергия бар болса, санитайзерді пайдаланыңыз;
- Түшкіргенде және жөтелгенде мұрын-аузыңызды қағаз майлықпен не шынтағыңызбен жабыңыз. Содан кейін майлықты жабық контейнерге тастап, қолыңызды жуыңыз;
- Қолыңызды көзіңізге, мұрныңызға және аузыңызға тигізбеңіз. Бұл вирустың «кіріс қақпасы» саналады;
- Жөтел, жоғары температура және тыныс алу мүшелері ауруларының басқа симптомдары бар адамдардан аулақ жүріңіз;
- Адам көп жиналатын қоғамдық орындарға, той-томалақ, жиындарға бармай, үйде отыруға тырысыңыз;
- Адамдармен қол алыспай, қашықтықтан амандасқан жөн;
- Иссапардан бас тартып, әлем бойынша саяхатты шектеңіз;
- Үйдің терезесін жиі ашып, ауаны тазартып тұрыңыз;
- Қоғамдық көлікті жиі пайдаланбаған жөн;
- Қолма-қол ақшадан бас тартып, төлемді мүмкіндігінше банк картасы арқылы жасаңыз;
- Бөлмені жиі желдетіңіз;
- Табиғат пен фермалардағы жануарлардан аулақ жүріңіз;
- Ет пен жұмыртқаны ұзақ уақыт қайнатып не

пісіріңіз, яғни, шала піскен күйінде тұтынбаңыз;

- Температура көтерілгенде, жөтелгенде және тыныс алу қиындағанда дереу медициналық жәрдемге жүгініңіз;

- Иммунитетіңізді нығайтып, салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Ақуыздарға, дәрумендерге және минералды заттарға бай тағамдарды тұтыныңыз.

Профилактикалық 5 шара

Денсаулық сақтау министрлігі профилактикалық 5 шараны тұрақты істеуге кеңес береді:

- қол мен бетті сабынмен жиі және мұқият жуу;
- қолға арналған спирттік антисептиктерді қолдану;
- көп адам жиналған орындардан аулақ болу;
- науқас адамдармен байланысқа түспеу;
- салқын тию белгілері (дене қызуының көтерілуі, мұрынның бітелуі, жөтел, тамақтың ауруы) пайда болғанда міндетті түрде дереу үйге жедел жәрдем шақыру қажет.

«Мифтерге сенбеңіз!»

Жаңа вирустық инфекциялар таралғанда әдетте күмәнді, жалған ақпарат таралады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жаңа коронавирус жайында танымал мифтердің жалғандығын хабарлады:

Қытайдан келген пошта қауіпті емес – хаттар мен сәлемдемелерден жаңа коронавирус жұқтырып алуға болмайды;

Үй жануарлары, мысықтар мен иттер Covid-2019 жұқтырушысы емес. Оған ешқандай ғылыми дәлел жоқ;

Пневмонияға қарсы вакциналар жаңа коронавирустан қорғамайды. Оған арнайы екпе қажет, оны дәл қазір ғалымдар әзірлеуде;

Сарымсақ, күнжіт майы, ауыз шаюға арналған сұйықтық немесе мұрынға арналған тұз ерітіндісі вирусқа қарсы көмектесетініне еш дәлел жоқ;

Антибиотик коронавирусты емдеуге көмектеспейді. Егер вирус бактериялық инфекцияға әкелсе, дәрігеріңіз антибиотик тағайындауы мүмкін, себебі антибиотик бактериялық инфекцияны емдейді. Бірақ, ол коронавирустан емделуге көмектеспейді;

Коронавирустың алдын алатын не емдейтін дәрілер жоқ. Ғалымдар қазір сондай препаратты әзірлеумен айналысуда.

Әрбір адам өз денсаулығына жауапты болып, бірден дәрігерге жүгінуі керек. Медициналық көмек симптомдарды жеңілдетуге және аурудың әрі қарай дамуына жол бермеуге көмектеседі.

Штрихи к портрету юбиляра:

Нине Павловне Скачковой - 80

Одним из таких счастливиц оказался и я в далёком 1986 году. Максимально благоприятный климат, в котором мне пришлось работать, был создан, в первую очередь, заведующей кафедрой – Ниной Павловной Скачковой. Кафедра в то время называлась кафедрой научного коммунизма Уральского педагогического института им. А.С. Пушкина, которая в конце 80-х годов прошлого столетия была преобразована в кафедру политологии, позже – политологии и социологии. Стал я на ней работать, потому что именно в рамках таких дисциплин тогда изучались давно интересующие меня социально-политические проблемы.

В «кадровое ядро» кафедры помимо самой Нины Павловны в то время входили Черкашин Иван Фёдорович, Ольга Ивановна Гришина, Ерёмин Анатолий Александрович, Баян Габбасовна Шинтемирова, которые пользовались непререкаемым авторитетом как среди кафедральных коллег, так и в институте в целом. Но тон на кафедре в первую очередь задавала именно Нина Павловна. Я сам попал под её обаяние ещё будучи студентом, когда она стала вести у нас занятия. Что в ней обращало на себя внимание, так это её неуёмное желание вложить в студенческие головы его социально-политическую составляющую по самому максимуму, а также её женская красота, яркая «стильная» внешность, эмоциональность... И, конечно же, её отличало очень ответственное отношение к работе, хорошее знание своего предмета и неиссякаемое стремление расширять свой кругозор.

Будучи заведующей кафедрой, кандидатом наук и доцентом (тогда таких было немного), известным в нашей области по своей многогранной общественной работе человеком, Нина Павловна никогда «не задирала нос», особенно перед молодёжью. До сих пор помню свои очень жаркие научные, идейно-политические и прочие споры с ней на кафедре, которые никоим образом не сказывались на наших отношениях... В свое время Скачкова

Первая заведующая кафедрой у преподавателя вуза, как и первая учительница у выпускника школы – остаётся в памяти навсегда. Именно она даёт ему путёвку в трудовую жизнь, в научно-педагогическую деятельность... От профессиональных и личностных качеств заведующей, её отношения к делу, к своим коллегам в очень большой степени зависит морально-психологический климат на кафедре. А он – кафедральный климат – является важнейшим фактором успеха, как того или иного преподавателя, так и кафедры в целом. И счастлив тот преподаватель, особенно если он только приступил к своей профессиональной деятельности и не имеет «защитной брони» в виде нужных связей и научных регалий, который оказался на кафедре с благоприятным морально-психологическим климатом, со всё понимающей заведующей.



Н.П. была секретарем парторганизации преподавателей общественных кафедр, руководила общественно-политической практикой студентов всего университета, возглавляла областную организацию общества «Знание» - всего не перечислишь.

И ещё один важный штрих к её портрету – Нина Павловна всегда очень бережно, по-матерински относилась к членам кафедры, особенно к молодым преподавателям. Если у них возникали какие-то проблемы по работе и их, как говорится, вызывали «на ковер», то Нина Павловна сама бесстрашно шла на любые «ковры» и брала весь удар на

себя. Будучи настоящим лидером, она органично могла оказать эмоциональную поддержку любому преподавателю и в то же время достаточно строго с него спросить, очень ответственно, по-деловому решать проблемы кафедры, неустанно защищать и продвигать её интересы.

Н.П. Скачкова получила очень хорошую «советскую» научно-педагогическую подготовку, закончив историко-филологический факультет Уральского педагогического института и 3-х годичную очную аспирантуру в Институте философии и права при АН КазССР. Важным фактором в её



личностном становлении являются родители, известные и авторитетные в Уральске люди, настоящие интеллигенты, имевшие крестьянское и казачье происхождение – Павел Иванович и Таисия Тимофеевна Токаревы. Оба педагога. Павел Иванович более 2-х десятилетий заведовал кафедрой высшей математики УПИ и очень много сделал для становления физико-математического факультета. Родители были и остаются для неё главным примером, образцом во всём.

Ценный материал о жизнедеятельности нескольких поколений преподавательского состава нашего университета, начиная с 50-х годов прошлого столетия и вплоть до наших дней, находим в воспоминаниях Н.П.Скачковой «Времён связующая нить. Мои университеты», Уральск, 2018г. Книгу можно найти в читальных залах и библиотеках ЗКГУ.

Счастлив тот человек, который утром с удовольствием идёт на работу, а вечером с радостью возвращается домой... Как бы пафосно это не звучало, но кафедра для меня и моих коллег действительно была почти то же самое, что и родной дом. Нина Павловна, спасибо Вам за это!

Очень многие преподаватели и выпускники, причём не только УПИ и ЗКГУ, но и сельскохозяйственного института (ныне ЗКАТУ им. Жангир хана) помнят Н.П. Скачкову и благодарят её за честный, добросовестный труд, за то, что она сделала для нас, для нашего вуза.

С днём рождения, Нина Павловна, дорогой наш Юбиляр!

П. ДОБРЯЕВ,
руководитель центра социологических исследований, доцент кафедры всемирной истории и социально-политических дисциплин ЗКГУ им. М. Утемисова

Ұстаз – ұлы тұлға

20 ақпан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде педагогика факультеті мен университет мұражайының ұйымдастыруымен «Ұстаз - ұлы тұлға» атты ардагер ұстаз, зейнеткер аға оқытушы Темірғали Қайырғалиұлының 75 жас мерейтойына арналған салтанатты шара өтті.

Мерейтой иесінің өмір жолымен, еңбектерімен мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының меңгерушісі Д.Г.Хабиева таныстырды. Болашақтың құзіретті тұлғасын тәрбиелеуде асыл ұстаздан тәлім алған шәкірттері жетерлік. Олар еліміздің түкпір – түкпірінде түрлі салада жемісті еңбек атқарып жүр. Солардың біразы киелі қара шаңырағымызда абыройлы қызмет атқарып жүрген университетіміздің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы Ө.С.Тасмағамбетов, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Дәрішева, «Рухани жаңғыру» институтының жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.С.Қыдыршаев,

кәсіподақ төрағасы, мәдени-тынығу жұмысының магистрі Қ.М.Сүлейменов сөз сөйлеп өз құттықтауларын білдірді. Білім беру саласында ұзақ жылғы жемісті еңбектері және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде ардагер ұстазымызбен бірге еңбек жолында ағалы – інілі болып кеткен Батыс өңіріне танымал тарихшы, өлкетанушы, «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешені «Рухани жаңғыру» кафедрасының меңгерушісі С.Х.Сүлейменов, М.Өтемісов атындағы БҚМУ жаратылыстану-география факультетінің, биология және экология кафедрасының оқытушысы Н.Р.Молдаханов және бес жыл куратор болған студенті, география кафедрасының оқытушысы С.К.Рамазанов қонаққа келіп, сол сәттегі қызметтерін еске түсіріп, еңбек жолына

шолу жасады. Сонымен бірге, ұлағатты ұстазымыздың замандастары, әріптестері ардагерлер кеңесінің төрағасы, мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы М.С.Хусаинов, педагогика ғылымдарының докторы Б.И.Сарсенбаева, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты А.С.Байболсынова ұстазымызды мерейлі жасымен құттықтап, оқыту мен білім берудегі сіңірген еңбек жолымен ой бөлісті. Ардақты ұстазымызға



студенттер өлең жолдарын арнап, күй ойналып, әндер шырқалды. Шара соңында педагогика факультетінің деканы Ш.Т.Габдрахманова және факультет ұжымы мен мұражай меңгерушісі М.К.Есикенова сөз сөйлеп, өз лебіздерін білдірді.

Ж.Ж.НӘБИЕВА,
Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға кураторы

Ұстаздық қызмет - ұлы құрмет

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп хәкім Абай атамыз бекер айтпаса керек-ті. «Шәкірттеріме білгенімді үйрету – парызым әрі мақсатым. Жан-жақты ойлай алатын білімді жас жеткіншектерді тәрбиелеу жолында өзімнің күш жігерім мен уақытымды сарп етемін» – деп өзіне серт беріп, ұстаздық жолды таңдаған жанның бірі – Меруерт Жолдықайырқызы Жолдықайырова.

Бүгінде 95 жасқа толып отырған мейтой иесін университетіміздің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы арнайы барып, құттықтады.

Ұлағатты ұстаз Меруерт Жолдықайырқызы – 1925 жылы наурыз айында Жымпиты (қазіргі Сырым) ауданы, Елтай ауылдық кеңесіндегі қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1932 жылы Жосалы совхозының Маркс (Қоңыр) ауылындағы 7 жылдық мектепке барып, 1939 жылы Жымпиты орта мектебінде оқуды жалғастырып, 1942 жылы бітіреді. Жымпиты орта мектебін тәмамдаған соң, қоғамдық жұмыстарға белсене қатынасып, 1941 жылы қыркүйектен бастап Жымпиты орта мектебінде аға пионер вожатый, бастауыш комсомол комитетінің хатшысы болады. 1942 жылы шілде айында совхоздарда саяси бөлім (политотдел) құру туралы КСРО-ның қаулысы шығып, 10-сыныпты бітірген бойда Тасқұдық совхозындағы парткомның комсомол жұмысы жөніндегі орынбасары етіп тағайындалады. 1942 жылғы қазан айынан бастап А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиет бөлімінде оқып, оны 1946 жылы бітіреді. Тасқа біткен қынадай қайсар, теңдікке көнсе де кемдікке көнбей, бардың емес, ардың құлы болып, оқи жүре I курста қаладағы №4 мектепте аға пионер вожатый, одан кейін 1943 жылдың мамыр айынан облыстық радио комитетінің әуелі қазақ тілінде жүретін хабардың дикторы, одан кейін редакторлық қызмет атқарған. 1959-1963 жылдарда Орал қалалық кеңесіне депутат болып сайланды. 1963-1969 жылдар аралығында Орал қалалық партия комитетінің Пленум мүшесі, қалалық партия жанындағы «Қалалық бақылау комитетінің» Президиум мүшесі, 1970-1980 жылдары



А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың бақылау комитетінің төрайымы болды. 1975-1978 жылдары филология факультетінің партия ұйымының хатшысы қызметін атқарды. 1976-1982 жылдары институттың партия комитетінің бюро мүшесі болды. Меруерт Жолдықайырқызының сан жылдар бойғы өз уақытын аямай, өзгенің бақтын аялаған үлкен жүректі ағартушылық-ұстаздық еңбегі орынды бағаланып, іскерлігі, білімдарлығы, адами қасиеттері ескерусіз қалған жоқ. 1970 жылы КСРО Жоғары және арнаулы білім беру министрлігінің грамотасымен, 1980 жылы «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, 1982 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет» грамотасымен, 1984 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 1992 жылы білім және педагогика ғылымы саласындағы

ерекше еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ы.Алтынсарин медалімен марапатталды. 1999, 2000 жылдары Білім және ғылым министрлігінің Ұлы жеңістің 55 жылдығына байланысты және Хабаршы №1- 2015ж. 324 жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге қосқан үлкен үлесі үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 1995 жылы «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне — 50 жыл» медалімен марапатталды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ұлағатты ұстаз қоғам өмірінен тыс қалған емес. Ол Батыс Қазақстан облыстық Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлері кеңесінің Пленум мүшесі, 1996-2003 жылдары Батыс Қазақстан мемлекеттік гуманитарлық университетінің (қазіргі БҚМУ) Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлер кеңесінің төрайымы болды.

Самбо саңлағы

Жуырда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Педагогика факультеті Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті, Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы Қамеш Исмағұлұлының 80 жас мерейтойына арналған мерекелік шара өткізілді.

Кештің алғысөзін сөйлеген университетіміздің оқу ісі жөніндегі проректоры А.С.Тасмағамбетов мерейлі жасқа толып отырған Қамеш Исмағұловты туған күнімен құттықтап, ақ тілегін арнады. Кейін оқытушы А.С.Қапанов қатысушыларды спорт шеберінің өмір жолымен таныстырып өтті. Сондай-ақ, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеп, оларды салауатты өмір салтына бағыттап жүрген ұстаздың шәкірттері А.Ш.Байенов, К.М.Баймағамбетов, М.О.Даупаев, К.Жанғалиев, А.Б.Нұрмуханов ізгі тілектерін білдіріп, естелік сыйлықтарын табыс етті.

КСРО спорт шебері, ҚР еңбексіңірген жаттықтырушысы Қамеш Исмағұлов 1940 жылы 10 наурызда Ақжайық ауданына қарасты Бітік ауылында дүниеге келген.

Қамеш Исмағұлұлының ағасы Төлеш балуандық

өнерді тамаша меңгерген қара күш иесі болыпты. Ауылында күрес үйірмесі болмаса да, 15 жасынан Төлеш ағасының қасында жүріп, әр түрлі мерекелерде ауыл балаларымен белдесіп, күрестің қыр-сырын меңгере бастаған. 1958 жылдан бастап кәсіби балуан, бапкер Кайырболат Насыровтың қол астында жүйелі түрде жаттыққан Қамеш Исмағұлов араға бір жыл салып алғашқы жетістігіне қол жеткізді. Ол 1959 жылы еркін күрестен облыс чемпионатында 57 келі салмақ дәрежесінде топ жарды.

Жас жігіт 1960-63 жылдары Ресейдің Свердловск облысында Отан алдындағы әскери борышын өтеді. Приволжский әскери округінде самбо күресінен өткен чемпионатта екінші орынды еншіледі.

1963-68 жылдар аралығында Алматы қаласындағы

Қазақстанның мемлекеттік дене шынықтыру институтында (қазіргі Қазақтың спорт туризм академиясы) білім алды. 1964 жылы самбо күресінен 56 келі салмақ дәрежесінде Қазақстан Республикасының чемпионы атанды. Сол жылы Эстонияда өткен КСРО кубогінде күміс жүлдегер болды. 1965 жылы Грузияда студенттер арасында КСРО чемпионы деп танылды. 1966 жылы екінші мәрте Қазақстан Республикасының чемпионатын жеңіп алды.

1968 жылы институтты аяқтап, еңбек жолын Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтында бастады. Бірнеше айдан кейін туған жерге оралып, Орал педагогика институтына (қазіргі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) қызметке қабылданады.

Туған жеріне келгеннен бастап әріптесі Тарих Төлегеновпен бірге өңірдегі самбо күресінің негізін қалады. Жарты ғасырға жуық уақыт аралығында Қамеш Исмағұлов 30-дан астам спорт шеберін дайындап шығарды. Самбомен қатар ұлттық спорт – қазақ күресі мен жапон елінің дзюдо күресінен де көптеген шәкірт тәрбиеледі.



Жүректерге нұр құйған

2016 жылы БҚМУ-дың табалдырығын аттап, жаңа өмірге қадам басқан I курс студенттері едік. Университет алдында өткен салтанатты шарадан кейін мамандықтар бойынша үлкен аудиторияларға бөлініп, I курстарға жиын өткізілді. Содан соң студенттерді топтарымен әрқайсысын жеке аудиторияларға жөнелтті. Біріміздің артымыздан біріміз шашы бұйра, аласа бойлы келген, сары өңді апайдың соңынан еріп, 422-аудиторияға ИЯ-13 тобы болып кірдік. Сол кезде ең бірінші танысқан жан - біздің кураторымыз Насимуллина Айгүл Бисембаевна болатын. Алғашында ұстазымыз қатал көрінген еді. Түптеп келгенде апайымыз жылы жүректі, жарқын жүзді, жанашыр бола білетін жан екен. Уақыт өте келе, біздің көзімізде қайсар әйел, сүйікті ұстаз бейнесі қалыптасты. Оған Айгүл апайдың бойындағы мынадай 4 қасиеті әсер етті:

Сыртқы келбеті. «По одежке встречают...» деген орыстың мақалы әрдайым өзекті. Кураторымыздың өзі-өзі ұстауы, сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысы, киім киісі алғаш көрген күннен бері оны тәжірибесі мол оқытушыдай көрсетті. «Ұстаз болсам осы кісідей боламын» дегің келетін еді. Осы мақалдың «...по уму проважают» деген жалғасы ұстазымыздың екінші қасиетіне сай.

Педагогикалық шеберлік. «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» демекші, апайдың дәрістеріне студенттер түгел дерлік қатынасып, әдеттегідей өз орындарына отырады. Айгүл Бисембаевнаның дәрісі үшін студентке тек көк қалам ғана емес, міндетті түрде қызыл не сөзді ерекшелуге арналған басқа түстісі болуы шарт. Семинар сабақта бұл міндетті түрде тексеріледі. Сондай-ақ, ұстазымыздың ағылшын тілі фонетикасы мен әдістемелік пәндерге махаббаты, оларды оқытуға, түсіндіруге деген құштарлығы ерекше. Бұл шәкірт жүрегіне жол тапқан жанның сондай білімге ынтық болғандығын көрсетеді. Өйткені, Айгүл апайымыз мектепті тәмамдаған соң, Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының шет тілдері мамандығына оқуға құжаттарын тапсырып, түсе алмай қалады. 1 жыл жұмыс істеп, келер жылы Алматы қаласындағы Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік өлем тілдері университетіне оқуға түседі. Апайымыздың бұл әрекеті – бүгінгі жасқа үлгі.

Сөз шеберлігі. Айгүл Бисембаевна әріптестері

мен студенттеріне сыйлы, сөзі өтімді жан. Ұстаз бірде жылы-жылы сөйлесе, енді бірде қатты-қатты сөйлеп, сілкіп алады. Кейде көзге жас алатын сәттер болғанда апайымыздың бір ауыз сөзі бізді сабырға шақырады. Оның дауыс тембрі, дикциясы, екіні мен кідірісі... Нағыз фонетист. Ал «Whatsapp» әлеуметтік желісіне жіберетін аудиожазбалары тіптен бөлек мақаланы қажет етеді...

Адамгершілік. Соңғы қасиет – барлық адам баласына тән адамгершілік қасиеті. «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан» деген Абай атамыз. Ол – біздің ұстаздың бойында бірінші орында. Үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарай отырып, сыйғасый көрсетеді. Демек, бұндай ұстаздан дәл сондай адамгершілігі жоғары, саналы шәкірттер тәрбиеленеді деп сеніммен айта аламыз.

Жоғарыда айтылған осы 4 қасиет біздің көз алдымыздағы сүйікті ұстаз бейнесінің қалыптасуына ықпал етті. Біз, ИЯ-43 тобының студенттері, кураторымыз



Насимуллина Айгүл Бисембаевнаның алдағы 50 жас мерейтойы қарсаңында аяулы ұстазымыз туралы осылай толғандық.

Шәкірттеріне аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді, жүрегі батыр, өнегесі асыл, жаны жомарт, пейілі дархан, ерен еңбекшіл, байламы берік, ойы өткір ұстаз!

«Ұстаз бақыты - озып туған шәкірті» десек, атыңызды әлемге паш ететін талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін! Бір-бірімізге деген сыйластығымыз, пәк көңіліміз өмір бойына өз жалғасын тапсын!

«Шет тілі:екі шет тілі» мамандығының ИЯ-43 тобы

There is a proverb «A new language – a new world». Nowadays, a lot of people study languages in every possible way. Among them English is the most common. I think English is worth studying, especially it worth choosing as a profession. There is a specialty «Foreign language: two foreign languages» with venerable professors and honorable history in our university. This specialty unites students from different parts of our country with a desire to master English. I am one of them. So it was interesting for me to find out why my groupmates or other students of our department decided to choose English as a profession. As for me, I chose to study English because it was within my area of interest. Literature has always been something I've been keen on pursuing for a long time. Personally, I think it's important to study what you love and what you want to study, especially at the university.

Let's see what other students say:

I loved languages since childhood. That's why from the 5th grade I began to attend English courses in order to improve. And now I am a student of specialty «foreign language: two foreign languages». I like everything there because I have decided to study here myself. It was my own decision. Besides English I also study French as a second foreign language and it gives me a lot of motivation to speak them fluently.

Aruzhan Bisengalieva, Foreign Language-27

I want to be understood by everyone, everywhere, anytime and to see a new super fantastic world of colorful light. So I learn English because it is number one language of international communication, also number one in dealing with sciences, arts, and in military fields as well.

Miras Sisenov, Foreign Language-41

Being fluent in English gives the opportunity to work and live around the world and communicate with much more interesting people. By learning any new language we get acquainted with a new culture. It's really interesting. Especially there we learn 2 foreign languages. So knowing 4 languages (Kazakh, Russian, English, French/German) gives anyone a great inspiration to feel, to see, to find out something new. That's why I have chosen this specialty.

Akerke Sanakova, Foreign Language-43

I am learning English because it is a very interesting language. This is a beautiful language that is the most



useful in the world. In fact, I like to travel all over the world. English is the language of communication. It seems that all the people in the world use English to talk to each other. It is spoken in more than 100 countries, so I can communicate with people wherever I go.

Nursat Kabylkhanov, Foreign Language-27

I have chosen this specialty because I want to be a teacher of foreign languages. Everyone agrees that multilingualism has become more than just 'important'. Knowing a foreign language other than your native language has evolved to be extremely beneficial. Knowing even more than one foreign language gives a person chances to make his/her dreams come true. Therefore, I will be happy to conduct foreign language classes for my students to help them fulfill their dreams.

Tomiris Zhastalapova, Foreign Language-43

I have chosen this specialty because I am interested not only in studying of languages, but also in their teaching. Learning languages is a difficult and long way with justified achievements in the end. And my goal is to help many people go this way.

Dinara Zhanakova, Foreign Language-44

There are many reasons why learning a new language is a good idea. It allows you to communicate with new people. It helps you to see things from a different perspective, or get a deeper understanding of another culture. It helps you to become a better listener. It even has health benefits, as studies have shown that people who speak two or more languages have more active minds later in life. So be active and hardworking in your academic years to gain valuable knowledge and experience.

Saya DUISENBAY

Сезім пернесі

Періште гүл

Саябақ. Алау. Өзгелерге бар жылуын сыйласа да, қос жанары жүрек шеріне толған гүлді оюмен кестеленген сол аруға көңіл бөлмеген. Жабыққан жанарымен жалынға үнсіздіктің сәулесімен ұзақ қарады. Шарпып барады, жылу сезілмейді. Айналасындағы бір күндік өмірі үшін жан ұшыра жүгірген жандар да сондай еді. Жалыны бар, жылуы жоқ. Әлде, қате өзінен. Беймәлім де түсініксіз. Гүл күлтесіндей үлбіреген қыз жаны сол жансыз суретті көргенде лезде тоқтаған. Тоқтаған, кейін кері соқпаған. Тағы да... Түсініксіз... Беймәлім...

Теңіздің әр толқынына өз өміріндегі дүлей дауылдар жайлы баяндауда.

Айналадағы тіршілік атаулының барлығы мазасыз. Көбелектей шыр айналып, көркемдігімен көз тойдырмай, әсемдігін әлемге паш етуде. Ұзақ, мағынасыз ой. Телефон шырылы. Жанына шуақ нұры болып төгілген сол жаннан келген хабарлама. «Неге көңілсізсің, жарығым? Біреу ренжітті ме?». Үлбіреген ақша бұлтты кең маңдайлы, мұңды жанарлы, таңданысты ару...

-Жоқ, ағатай, бәрі жақсы. Тіпті, керемет.

-Сағындым ғой, жарығым. Қатты...

Бір-біріне мүлдем беймәлім екі әлем. Жадыраған жарқын жүздерімен жолықпаған жандар. Қанатты достары әлемнің екі шетіндегі жүрек әуенін қосатын, сырласатын. «Бір күні жолығармыз» деген үміт жетегімен желдей жүйіткіп 3 жыл да өте шығыпты. Өзгелерден өзгеше. Қыз көңілін қара бұлт шарпып, көңіл құсы ән шырқауын қойғанда, мыңдаған шақырымды артқа тастап келмесе де, қыз жанына сая болмаса да, сол жаннан келген хабарлама жайдарлы жазды жанына орнатып, қытымыр аязды, суық салқынды өзімен алып кететін. Әр айтқан сөздеріне жас балаша қуанып, өзін алып құс қамқорындағы қанатсыз балапандай сезінетін. Әркез жүрек үні бәсеңдеп, санасын өшірген, көңілінен кетпеген сол жанды қайта ойлағанда хабарлама келетін. Жердегі қорғаушы періште. Бүгін тағы... Бұл қалай?

Бақыт пердесімен өз бақытсыздығын жапты. Орнынан бөсең тұрып, әр аяғын санап басып келеді. Құлаққапта

жаңғырған Arshat-тың «Үнсіздігі».

Кесе көлденең келген беймәлім жан. Күн сәулесі жарқырай нұр берген аяқ киім, соңғы үлгідегі сәнді киім, бейтаныс та күдікті жан және қыз көңіліне жақын, өзгеше «періште гүлі» (пиона- Қытайлықтар «періште гүлі» деп атайтын, өте қымбат әрі 20 күн өмір сүретін гүл). Құлаққаптағы әуен өз орындауын жедел тоқтатты. Телефонға келген хабарлама:

-Сен мені алдағаның ба? Бәрі жақсы дегенің қәне, жанарың толған шер мен жас. Көзіме тіке қара. Жан сырынды жасырма. Мен жаныңдамын...»

Қыз әлсіз басын ақырын көтерді, жердегі қорғаушы періштесі «періште гүлімен»...Ұзақ уақыт күткен сәттің дәл қазір орын алғанына сенер емес.

-Қалайсың, жарығым? Міне, мен де келдім.

Иә, дәл сол үн, дәл сол жылулық. Айнала бір сәт өз мазасыздығын тоқтатты, періште құшағындағы гүлді көйлектегі ару нәзік саусақтарымен періште гүлін қатты ұстап, жібермеуге бекінді. Шын бақыттың әуені енді шырқалғандай, бәрі тәтті әрі ғажап...

Телефон шырылы. Ғайыптан бәрі жоғалды. Ұйқы құшағындағы ару жедел ояңды. Бір сәтке бақытты болып еді. Жердегі періште. Періште гүл. Хабарлама. «Мен сені бүгін түсімде көрдім, жарығым. Күлкімен жанымға сая болудасың!»

Үнсіз жымыс.Жәй ғана бақытты. Жылулық. Есік қағылды.

-Сізді төменде бір жан шақырып тұр.

Бейтаныс жанның бұл шұғыл хабары оны қайта есеңгіретті. «Кім болды? Мүмкін ол? Жо-жоқ қайта оралуы мүмкін емес» деген сан сауалдың шырғауына шырмалып, жатақхананың әр сатысынан түскен сайын күдігі шарпып, асығып келеді...

Иә, дәл сол сәттегідей. Алдында періште. Періште гүл. Ыстық құшақ. Енді бұл сәттің үзілмесі анық, бал түстің шындыққа айналарына таңданып әлек. Бақыт құсы көңіл бағына келіп орнады, енді тоқтамасы анық, жылулық таратушы періште.Мәңгілікке...

Үзілмес әуен

Айналадағы түрлі-түсті бояу бір сәтке жойылып, өңі кеткендей қараңғылыққа енген әлем. Жалғыз аяқ жол. Қара ағаштың үзілмеген соңғы жапырағын өзіне сая еткен орындық. Тыныштықтың үнсіз симфониясы құлақ тұндыратындай бар үнін әуелетіп шырқауда.

Қыстың қытымыр суығынан жылу іздеген сол ару... Жалғыз жапырақтың саясына жайғасты. Аспаннан жауған ұлпа қар оның осы уақытқа дейінгі сенімі мен үмітіндей төменге баяу ырғақта еніп, еріп жатты. Тек сол санада құрсалған сан ойдан әлі арыла алмай, жауапсыз сауалдармен өзінше күресіп әлі келеді. Өмірдің суығына мұздаған сол жүрек түбіндегі жалғыз сәуле ғана оның ақ ұлпа сияқты еріп кетуіне жол бермеуде. Тыныштық. Жалғыз аяқ жол. Жарық. Жалғыз үзілмеген жапырақ. Үндестік. Толғаныс...

Ай... Тым жарық әрі тым алыс. Оның жылуын әлем

сезбейді, өз нұрына өз айналасындағы жұлдыздарына ғана бөлейді. Оның ай болғысы келді. Сандырақ сауалдан тұрғызылған қамалды өзге жанның адымдай жүрген қадамы бұзып, жерге төгілген мамықтарда өз ізін қалдыра берді. Ай бейнеге айналмаққа бекінген аруға жылу берген Күн бейнелі жан болатын.

Таңданысты бейне.Көзқарас.

-Адам өзге жанның тағдырына жайдан-жай келмейді, олардың өзіндік миссиясы болады. Мен өз миссиямды орындауға дайынмын.

Қол ұстасып жалғыз аяқ жолмен қара ағаштың соңғы жапырағын сая қылған сол мекенді артқа тастап, ғарышты бетке алып Күн мен Ай кетіп барады. Бақыттың үзілмес мәңгілік әуені осы тұста басталды...

Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,

Филология факультетінің I курс студенті

БҚМУ студенттерінің НАЗАРЫНА!



Қашықтан оқыту 2020 жылдың 16 наурызынан басталады (әзірше 5 сәуірге дейін, өзгеріс болған жағдайда қосымша хабарланады);

Профессор-оқытушылар құрамына қашықтан оқыту технологиясын үйден қолдану мүмкіндіктері болса, жұмысқа келу міндеттелмейді;

Қашықтан оқыту «MOODLE» жүйесі арқылы жүргізіледі;

«MOODLE» жүйесінде ТАПСЫРМАЛАР модулінде әр апта сайын силлабусқа сәйкес тапсырмаларды жіберуі міндетті;

Тапсырмаларды *doc, *xls, *ppt, video форматта-рында жүктеуге болады;

Білім алушылар орындалған тапсырмаларды жеке кабинеттері арқылы кері байланыс ретінде жүктеуге міндетті;

Техникалық қолдау бойынша сұрақтарыңыз туындаған жағдайда мына нөмірге хабарласуларыңызға болады: + (7112) 51 07 52

Студенттер үйінде қалатын білім алушыларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану үшін жағдай-лар жасалыны;

Педагогикалық мамандықтар бойынша практика есебі профилактикалық іс-шаралар аяқталғаннан кейін қабылданатын болады;

Оқу үрдісіне байланысты сұрақтар туындаған жағдайда + 7 (7112) 51 07 52 телефоны арқылы бай-ланысуға болады.

Өмір сүрсем...

Қыстың ызғарлы, суық күндерінің бірінде досым екеуіміз сол баяғы біз бір кірсек шықпайтын кітапханаға бардық... Сөре толы кітап. Қоңыр иіс. Мейірімді апайлар. Кітап әлеміне сүңгіп кеттік те, өзімізге керегін іздеп жүріп таптық. Мен ол күні «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабын алдым. Досым өзіне кітап іздеп тұрғанда көзіме мұқабасы ақшыл көк бір кітап түсті. Алып қарасам, атауының өзі ерекше. «Өмір сүрсем, кеш емес». Аламын деп тұрғанымда кітапты досым алатын болды.


Арада 1 айға жуық уақыт өтті. Бұл жолы кітапханаға өзім бас сұқтым. Бардым да, бірден сол кітапты беруін сұрадым. Алдым. Балаша мәз боп, жатақханаға келдім. Ең бірінші бетін ашып қалғанымда, «Өмір, саған ғашықпын...» деген бөлім тұр екен. Мен де ол кітапқа ғашық болып қалдым. Күн сайын аз-аздан дәмін татып отырдым. Өйткені, өзімнен өзім қызғандым. Маған дейін оқығандардан қызғандым. Менен кейін де оқитындардан қызғандым. Солай, қызғанышпен, біртүрлі күй кешіп жүріп 10 күнде бітірдім. Жо-жоқ, ол оқығым келмегендіктен емес, құдды бір қолындағы тәттісі таусылып қалуынан қорқатын сәби секілді мен де ол кітаптың тезірек бітіп қалуынан қорықтым. Бірақ, әр парағын ашқан сайын жақсы көре бердім, көре бердім...

Енді кітаптың мазмұнына көшсек, кешегі 20-ғасыр мен бүгінгі 21-ғасырда болып жатқан, күнделікті тіршілікте көріп жатқан күйбең тіршілік. Қара халықтың бастан кешкендері, шиеленіске түскен кездегі жай-күйлері, сол сергелдеңнен шығу үшін жасаған әрекеттері, бәрі-бәрі қарапайым, әдемі тілде жеткізілген. Әр әңгіменің атмосферасы өзге. Әр әңгіме сайын әр түрлі күй кешесің. Бірінде жылайсың, бірінде күлесің. Әңгімелердің ішіндегі ең көп кездесетін өзекті мәселе - қыз, әйел, ана тағдыры. 26 әңгіменің өзіне тән ерекшелігі бар.

Ылғи қарбалас өмірмен жүріп, айналада болып жатқан жәйттерге қарай бермейміз. Ал сондай сәттердің бәрі бізге кітап арқылы жеткізіліп жатыр екен ғой. Оқитын адам болса, әрине.

Аида ОРАЗОВА,

Филология факультетінің 1-курс студенті



Арманын жүзеге асты

Мен осы мақаламды Елбасымыздың «Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман» деген сөзімен бастағым келеді. ХХІ ғасыр – бос жататын емес, білім іздейтін ғасыр. Қазіргі кезде барлығы қолжетімді, тек еңбектенсең болғаны. Мемлекетіміз жастарға арнап түрлі мүмкіндіктер ұсынуда. Осындай мүмкіндіктердің бірі – шетелге шығып өз біліміңді толықтырамын, тәжірибе алмасамын дейтін студент жастарға арналған академиялық ұтқырлық бағдарламасы.

Академиялық ұтқырлық - белгілі бір академиялық кезеңге студенттерді немесе ғылыми-зерттеу оқытушыларын басқа оқу немесе ғылыми мекемеге (өз елінде немесе шетелде) оқуға, оқытуға, зерттеуге ауыстыру. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру Болон декларациясының негізгі қағидаларына сәйкес келеді. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру ережелері мен рәсімдері күндізгі бөлім студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, сонымен қатар университеттің күндізгі оқытушылары мен қызметкерлеріне қолданылады.

Мен осы бағдарламаны тиімді пайдаланған жастардың бірімін. Армандарымның бірі саяхаттап, басқа елдің мәдениетімен танысып, білім жағынан тәжірибе алмасу болатын. 2019 жылы осы мақсатпен университетіміздің академиялық ұтқырлық бағдарламасымен айналысатын мамандармен жолықтым. Тәжірибе алмасып, оқып қайтқым келетіні жайлы айтқан болатынмын. Мамандар маған Білім және ғылым министрлігінен осы орайда грант бөлініп жатқандығын айтып, қатысып көруіме ұсыныс тастады. Ойланбастан анкета толтырып, бағымды сынап көрдім. Жазғы демалыс кезінде маған хабарласып, грантқа түскенімді, шақырту келгенін айтты. Сол кездегі қуанышымды сөзбен жеткізе алмаймын.

Қазіргі таңда Польша мемлекетінің Быдгощ қаласында орналасқан Ұлы Казимир университетінде семестрлік білім алудамын. Бұл жақта да оқуымды жақсы оқып, сессияларымды үздік тапсырдым. Ағылшын тілін жетілдіру мақсатында білікті маманның курсынан өтіп, сертификат иелендім. Сонымен қоса, жоғарыда айтқанымдай саяхаттауға үлкен мүмкіндік алдым. Еуропаның Германия, Чехия, Венгрия және Ресей мемлекеттерінің бірнеше қалаларын аралап, әр елдің мәдениетімен таныстым. Орыс, ағылшын, поляк тілдерін меңгердім. Ендігі мақсат – аман-есен елге оралып, көрген-білген, үйренгеніммен бөлісу. Осы орайда маған осындай мүмкіндік сыйлаған Аллаға, ата-анам және сүйікті университетіме өз алғысымды білдіремін!

Айшабиби ЗАКАРИНА,
Жаратылыстану-география факультеті
«Биология» мамандығының 3-курс студенті



От ауызды, орақ тілді

Бала кезде адам есейгенше асығады. Ата-анамыз секілді жұмыс істеп, өз бетімізше өмір сүруді армандаймыз. Алайда бақытты балдәурен шақтың қалай көз алдынан ғайып болғанын сезбей де қалады екенсің. Міне, мен де 11-сыныпты аяқтап, Орал қаласындағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алудамын. Қоғамда өз орны бар тұлға болсам деп армандаймын. Алдыма мақсат қойып, «Болашақта кім боламын? Еліміздің дамуына қандай үлесімді қосамын? Қандай пайдам тиеді?» деген сұрақ жайлы көп толғанамын.

Армансыз адам - қанатсыз құспен тең. Әр адамның өз болмысына сай бала кезден армандаған арманы болады. Менің арманым-журналист болу. Халықпен бірге тыныстап, елімізде болып жатқан жақсылықтың жаршысына айналу армандаймын. Менің ойымша, бұл мамандықтың қыр-сыры өте көп, сондықтан әрдайым ізденісте жүру маңызды екенін жете түсінемін. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін осы мамандыққа қызығушылығым бәсеңдеген емес. Қайта арманым алысқа жетелеп, шығармашылық ізденісім арта түсуде. Өзімді шыңдау үшін әдеби шығармаларды көп оқығанды ұнатамын. Бұл мамандық әдеби тілді, сауаттылықты қажет етеді. Әрдайым газет-журналдарды оқи отырып, әр тақырыптағы мәселелерді зерделеп, ой елегінен өткізіп отырамын. Сонымен қатар, әртүрлі байқауларға қатысып, шығарма жазып, өзімді дамыту үстіндемін. Тіпті, бұл мамандық бойынша тележурналистика курсына қатысып, тәмәмдап үлгердім. Ақсай қаласындағы «Қарашығанақ» телеарнасының ұжымымен танысып, өз қабілетімді тануға тырыстым. Олардың жұмысын бақылай отырып, журналистиканың өте қызықты әрі қиын мамандық екенін түсіндім. Бірақ, мен өзімнің алған бағытымының дұрыс екенін кезім жетті. Бұл мамандық туралы білген сайын мен үшін қызықты бола түсті. Келешекте осы саланың білікті маманы атанып, туған жерімнің, еліміздің жетістіктерін оқырмандарға жеткізе

білсем, осыдан артық бақыт бар ма?!

Журналист - қарапайым халық сөзін сөйлейтін, басын тауға да тасқа да соғатын, адал, тек шындықтың жағында жүретін адам. Менің ойымша, журналист - білімді де өнерлі, сабырлы, көзі ашық, оқыған, сөзге шебер адам болуы керек. Бұл өте маңызды. Өйткені, сөз қолдану мәнері, сөздік қоры қаламгердің шеберлігін айқындайды. Бұған қоса журналист кең пейілді, жылы жүзді, мінезі ашық, жаны жомарт, жақсылыққа құштар, мейірімді, жақсы дос, қиналғанда қол ұшын беретін жан болғаны да жөн. Журналистикадағы ұстазымның «Журналист - психолог, адамның ішкі жан дүниесін зерделей алатын, білікті маман болуы керек» дегені есімнен кетер емес. Яғни, журналистер - сегіз қырлы, бір сырлы жандар.

Мен неге журналист мамандығын таңдадым? Бала кезімнен түрлі танымдық, тәрбиелік мәні бар бағдарламаларды жүргізетін аға-апаларымыздай болсам деп армандадым. Өзімді камера алдындағы журналист секілді сезінетінмін. Кез келген тақырыпта, кез келген орында камераға түсіре бастайтынмын, әлі күнге дейін түсіремін. Бұл мен үшін әдетке айналды. Бала күнімнен көпшілікке жақын болдым. Тіпті, отбасым да «болашақта саған диктор, журналист болу керек» деп айтушы еді. Отбасымның қолдауының арқасында журналист болуға құлшынысым арта беретін. Теледидардан жаңалықтар мен түрлі бағдарламалар көріп, өздігімше сараптап, жақсысын алып, көңілге түйіп отырамын. Жүргізуші-дикторлардың дауыс ырғағына, сөйлеу мәнеріне мән беріп, тәнті болатынмын. Алдағы уақытта жүргізуші болып, тәжірибе жинағым келеді. Мен өз мақсатымның орындалатынына сенемін. Себебі, арманым асқақ, мақсатым айқын, бағытым анық. Арманыма жетуге және өз жолымнан таймауға бар күшімді саламын.

Анэля КАСЫМОВНА,
Фил-31 тобының студенті

Зор қуанышқа бөлегі

Гүлзінат ИБРАГИМҚЫЗЫ,
Мәдениет және өнер факультетінің 3-курс студенті:

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастар жылының» жабылу салтанатында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап студенттердің шәкіртақысының 25%-ға өсетінін мәлімдеген болатын. Бұл - грант негізінде білім алатын әр студент үшін қуанышты жаңалық. Осындай мүмкіндікке ие болған жастар жақсы білім алуға талпынары сөзсіз. Сондықтан білім сапасын арттыру мен оның қолжетімділігін тиімді ету мақсатында жасалынып жатқан өзгерістерге оң көзқарас танытып, біз елдің білімді әрі бәсекеге қабілетті буыны болуымыз керек.

Асыл ҚҰРАМЫСОВА,
МФ-11 тобының студенті:

Мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың студентімін және мемлекеттік грант иегерімін. Біз естіген бұл жаңалық студенттерге үлкен қуаныш сыйлады. Мен үшін де қуанышты хабар. Студенттердің шәкіртақысын өсіру оң шешім деп білемін. Себебі, ел ертеңі бүгінгі жас ұрпақ болғандықтан жастарға қолдау көрсету жөн-ақ. Бұл шешім бір жағынан бізге үлкен мүмкіндік. Себебі, сабақтан тыс уақытта жұмыс істеп шаршап жүрген жастардың сабақ үлгерімін жақсартуға септігін тигізеді деп ойлаймын. Грант иегері атанып, қоғамдық жұмысқа белсене атсалысып, білім қуған біз сияқты жастар үшін бұл – зор қуаныш!

Меруерт ЗУПАРОВА, студент:

Бұл біз үшін үлкен қолдау-көмек. Ол жастардың білім, ғылым, спорт саласында биік белестерді бағындырып, өз ісінің білікті маманы болып қалыптасуына үлкен үлесін қосады. Мен еліміздің барша студенттерінің, жастарының атынан осындай мүмкіндік үшін Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа зор алғысымды білдіремін.

Әлия САҒЫНОВА, студент:

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев студент жастарға үлкен сенім артып отыр. Оған дәлел – осы жылдың Еріктілер жылы болып жариялануы және студенттердің шәкіртақысының өсуі. Ел болашағы – жастардың қолында десек, еліміздің мәртебесін жоғары көтерер жастарға үнемі қолдау көрсетіп отырған Президентіміздің сенімін ақтап, болашақта ғылым-білім жолында үлкен жетістіктерге жетемін деп айта аламын.

Жанар БАХИТЖАНОВА, магистрант:

Жастар жылының қорытынды жиынында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы студенттер мен магистранттардың шәкіртақысы 25%-ға өсетіндігін хабарлаған болатын. Бұл әлбетте біз үшін үлкен көмек. Жастарды қолдап, алаңсыз білім алуына жағдай жасаған Президентімізге өз алғысымды білдіремін.

Айдана ДУЗБАСОВА, магистрант:

Шәкіртақының өсуі бізге үлкен демеу болды. Себебі, магистрант ретінде ғылыми зерттеу жұмыстарымен көбірек айналысып, матери-алдық жағына көп алаңдағымыз келмейді. Кітапханаға, басқа қалалардағы мұрағаттарға барып, ғылымға бет бұруымыз үшін бұл бізге үлкен көмек. Осы орайда Президентіміздің бізге артқан сенімін ақтаймыз деген ойдамын.

Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,
студентка группы РЯЛ-22:

На закрытии Года Молодёжи Президент огласил указ об увеличении стипендии для бакалавров, магистрантов и докторантов на 25%. Эта новость всех нас очень обрадовала. Вопрос об увеличении стипендии был поставлен давно, и мы все с нетерпением ждали его решения.

Для меня как для студента стипендии в размере 20 тысяч тенге хватало только на проезд каждый день до университета и обед. Я думаю, что стипендия должна обеспечивать студенту обучение. Потому что во время учебы мы не имеем возможности работать. Из-за её нехватки многие студенты и отчисляются, отстают от учебы. Конечно нельзя сказать, что новый размер стипендии обещает нам всё, но всё же окажет небольшую помощь.

Думаю, увеличение стипендии станет хорошим стимулом для того, чтобы учиться и не потерять её. И студенты уже бережнее будут относиться. Хочется поблагодарить Президента за его инициативу.

ШЕБЕРЛІК САФАТЫ ӨТТІ

Наурыз айының 3-жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жаратылыстану – география факультетінде «Жаңа білім беру технологиялары арқылы негізгі құзиреттілікті дамыту» тақырыбындағы әдістемелік апталықтың бағдарламасына сай «Биология/ағылшын-3» тобында б.ғ.к., доцент А.Утаубаеваның жетекшілігімен «Генетика пәнін ағылшын тілінде өткізудің ерекшеліктері» атты шеберлік сабақ өтті. Сабақта «CLIL» әдістері мен «LabBench Activities» виртуальды зертханасының зертханалық сабақтар өткізу әдістері қолданылды.



Ашық сабаққа жаратылыстану-география факультетінің деканы А.А.Тургумбаев, факультет деканының оқу ісі бойынша орынбасары Н.Н.Курмашев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.С.Кажмуратова, биология және экология кафедрасының меңгерушісі а/ш. ғ. к., доцент Б.С.Альжанова, БҚМУ оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің әдіскері Р.Каримуллина, а/ш. ғ. к., доцент С.Г.Чекалин, химия кафедрасының аға оқытушысы Г.Б.Есеева, ғ. ғ. к., доцент В.И.Амельченко қатысты.

Генетика пәнін ағылшын тілінде жүргізуде CLIL әдістемесінің топтық, жұптық жұмыс формалары қолданылды. Аталмыш жұмыс түрлерін өткізуде «Skimming and scanning», «Running dictation», «Venn diagram», «Bubble Map», «Frayer model», «Bingo», «Word chains», «Match», «Filling gaps», «Hot-seat», «Level tasks»,

«Find unnecessary» әдістері пайдаланылды.

Ашық сабақ «Skimming and scanning» әдісін қолданумен басталды. Студенттер берілген «Genetics and Gender» тақырыбындағы мақаладан тірек сөздерді тауып, анықтамаларын айтты. Одан соң тақырыпты ашу мақсатында «Fertilization» атты қысқа бейнежазба көрсетілді. Студенттерге бейнефильмді тыңдау барысында аталмыш мақаладағы табылған тірек сөздерді бейнежазбадан есту дағдысын қалыптастыру алдын ала ескерілді. Бұл екі әдістерді қолдану барысында студенттер бойында оқылым және тыңдалым дағдылары қалыптасса, тірек сөздерді ашу және бейнежазбаның мәтінін қысқаша айтып беруде сөйлеу дағдылары ұшталды.

Келесі қолданылған «Running dictation» әдісінде студенттердің еске сақтау қабілеті мен сауатты жазу

дағдыларын дамыту үшін алдын «XY sex-determination system» тақырыбына дайындалған шағын мәтін тапсырма аудиторияның қабырғаларына ілінді. Үш топқа бөлінген студенттер берілген қысқа уақыт аралығында қабырғада ілулі тұрған мәтінді оқып, еске сақтап, өз тобына келіп жадына сақтаған сөздерін ақ параққа жазулары керек. Жазылым сауатты және түпнұсқаға сай болуы қажет. Бекітілген уақыт мерзімі аяқталған кезде биологиялық диктант түгел жазылып болады, оқытушы топ студенттерінің жұмыстарын тексеріп бағалайды, жеңімпаздар анықталады.

Сондай-ақ, қолданылған «CLIL» әдісі «Venn diagram» бойынша термин сөздердің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтар салыстырылды. «Frayer model» әдісінде студенттер термин сөздерді анықтап, өз білімдерін мысалдар жазу арқылы қолданды. «Bingo» әдісі бойынша жұптық жұмыстанған студенттер жыныс генетикасы туралы сұрақтарға жауап берді және олардың жауаптары түпнұсқамен тексерілді.

«Word chains» әдісі арқылы студенттер сөздер арасындағы қарым-қатынасты зерттеуді, оларды қалай пайдалану мүмкін екендігін түсінуді және осы сөздерді пайдалана отырып сөздердің мағыналарын есте сақтауды үйренді. «Filling gaps» - практикалық жаттығу. Мұнда студенттер мәтінде жоқ сөздерді мағынасы бойынша тапты. «Level tasks» әдісі студенттердің генетикалық есептерді шешу деңгейін анықтау және бағалау үшін қолданылды. «Find unnecessary» әдісі студенттердің адам кариотипін анықтау, берілген кариотиптер бойынша ауруларды ажырата білу дағдыларын қалыптастырды.

Сабақ соңында студенттер ақпараттық технологиялардың көмегімен сілтеме арқылы «LabBench Activities» виртуальды зертханасының тапсырмаларын онлайн түрде орындады. Бұл виртуальды зертхананың активитилері студенттердің теориялық білімдерін практика жүзінде ұштауына мүмкіндік берді.

Сабақ барысында шеберлік сабақты көруге, үйренуге, өз педагогикалық дағдыларын шыңдауға келген Б-31,Б-33,Б-35 топтарының студенттеріне бірқатар сұрақтар қойылып, студенттердің ағылшын тілін үйренудегі тілдік дағдыларының ұшталуына мүмкіндік берілді.

Осындай ашық түрде өткізілген шеберлік сабақтар студенттердің ағылшын тілін үйренудегі ынталандыру, жігерлендіру және үлкен мақсаттарға ұмтылдыру тәрізді адами мінез-құлық қасиеттерін дамытуға да септігін тигізеді деп есептейміз.

А.У.УТАУБАЕВА,
б.ғ.к., доцент

Волонтерство – образ жизни

4 марта в ЗКГУ им.М.Утемисова состоялась открытая площадка, приуроченная Году Волонтера. Как известно, Президент государства - Касым-Жомарт Токаев объявил нынешний год Годом волонтера. Волонтерское движение становится популярным в Казахстане. На сегодня в ЗКГУ им. М.Утемисова насчитывается около 300 волонтеров-студентов, занимающихся добровольческой деятельностью.

Ни одного дня без доброго дела!

В сегодняшней встрече приняли участие проректор по воспитательной работе Туймеш Малбагаровна, художник, волонтер фонда «Аялаған алақан» Гумаров Даурен, руководитель фонда «28 петель» Косдаулетова Айгуль, руководитель информационно-аналитического и ресурсного центра по работе с молодежью г. Уральска, фонда «Орал жастары» руководитель фонда «Балаларға базарлық» Шамғалиев Ерлик, а также студенты-волонтеры университета.

Представленная выставка творческих работ «особенных» детей из спецшкол-интернатов с нарушением интеллекта, слуха и речи вызвала живой интерес у представителей волонтерских движений. Спикеры рассказали о целях и задачах волонтерской деятельности, а также об истории создания самих организаций. Гости поделились своими мнениями и предложениями о проведении Года волонтера, и призвали всех принять активное участие в масштабном и важном событии года.

В завершении встречи Туймеш Малбагаровна отметила, что Волонтерство - это призвание, идущее от самого сердца. Она еще раз подчеркнула, что делая добро, мы сами меняемся и этим в лучшую сторону преобразуем наш мир. Надо помогать пожилым людям, реализовывать себя в жизни. Благодарственное письмо от имени ректора ЗКГУ им. М.Утемисова были вручены руководителям фонда.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

Ән еркесі - Ескендір

Жақында Қазақстан Республикасының халық өртісі, мемлекеттік сыйлықтың иегері, халқының сүйікті әншісі, композитор, жерлесіміз Ескендір Хасанғалиевтың 80 жасқа толуына орай «Ән еркесі-Ескендір» атты әдеби-сазды кеш өткізілді.

Кешке педагогика, филология факультетінің студенттері, оқытушылары, кітапхана қызметкерлері қатысты. Кештің мақсаты - студенттерге композитор Е.Хасанғалиевтың өмір жолы мен шығармашылығын насихаттау. Кеште педагогика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі деканының орынбасары Айтжанова Ақмарал Сағынтайқызы Е.Хасанғалиев туралы мәлімет беріп, композитордың ұлы Хасанғалиев Біржанмен бірге оқығанын айтып өтті. Кеш барысында студенттер Тулеубаева Айдана «Анаға сәлем», Кінәмаев Ернұр «Әдемі-ау», Байпатша Гулфат «Елігім-еркем», Олжағали Арай «Сағындым сені», Сариева Жансая «Туған жер» әндерін нақышына келтіре орындады. Ескендір Хасанғалиев туралы бейнеролик тамашаланып, студенттерге композитордың өмір жолы, шығармашылығы туралы сұрақтар қойылды. Жауап берген студенттерге арнайы сыйлықтар берілді.

Шараны педагогика факультетінің деканы Ғабдрахманова Шынар Төлегенқызы қорытындылап, композитордың әндері қазақ жырларының тарихында үлкен рөл алып, бұдан кейін де жаңғыра беретіндігін айтып өтті. Кеш композитордың «Атамекен» әнімен қорытындыланды.





Баубек Бұлқашев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№1 (26), наурыз, 2019 жыл



ШЫҒЫС АРИСТОТЕЛІ МҰРАСЫН НАСИХАТТАУ ІСІ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлттық мүдде тұрғысында ел ішінде кең қолдау тапқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде жарияланған «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында: «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер негізінен тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының өсімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде өз

азамат – білімді, Отанына адал, елін, жерін сүйетін адам. Бұл әлемде Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Елін шынайы сүйетін азаматтарды тәрбиелеу – ұстаз мақсаты. Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс. Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаңа, өз тарихыңа құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс», - деп баса айтқан-ды. Тап осы сындарлы бағдарлар жүйесінде Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік

(№32 ЖОББМ) сынды педагог-зерттеушілер ерекше белсенділік таныта алды. Дөңгелек үстелдің алғы сөзін «Әбу Насыр әл-Фараби – әлемдік өркениеттің рухани үлгісі» тақырыбында Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, б.ғ.к., қауымдастырылған профессор Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы алып, ғалым мұрасын зерде сүзгісінен өткізді, кейінгі ұрпаққа молынан насихаттаудың маңыздылығына, тағылымдылығына тоқталды. Ал БҚО Білім басқармасы басшысы Тұржанова Айымгүл Мақсотқызы өз сөзінде кемеңгер ұстаздың ұлағаттылығын тарқата таразылады

Халықаралық онлайн-дөңгелек үстел барысында фарабитану іліміне қатысты бірқатар мәселелердің басы ашылып, өзекті тақырыптарға орайлас қызығлықты баяндамалар жасалды. Бұл сапта п.ғ.д., профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы «Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы Даланың рухани ұстазы» тақырыбында алғашқы баяндама жасап, ғұлама ғалымның мол мұрасына қатысты кең көлемді ауқымды ойлар таразыланды. Жиын барысында онлайн жүйесінде «Еуразия халықтарының достастығы» ОХА басқарма төрағасы, Орынбор мемлекеттік университетінің Оңтүстік Орал тарихы мен этнографиясы ФЗИ директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ресей Федерациясы, Орынбор қ.) Амелин Веналий Владимирович «Әл-Фарабидің әлемдік философияға қосқан үлесі», Н.Чернышевский атындағы СМУ Тарих және халықаралық қатынастар институтының халықаралық қатынастар және Ресей сыртқы саясаты кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты (Ресей Федерациясы, Саратов қ.) Лапенко Марина Владимировна «Әл-Фараби – түркі әлемінің ұлы ойшылы» тақырыптарының тезистерімен бөлісті. Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры, география ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор Қажымұрат Мақсотұлы Ахмеденов «Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани – XX



мемлекеттерінің баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. Ұлы Дала әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Бұл бағытта қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құруға болады. Нәтижесінде біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады» делінген. Ұлы Даланың рухани ұстазы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат Турки осы саптың алдыңғы ширегіндегі қайталанбас ғұлама. Ал Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым қызметкерлерінің Республикалық тамыз конференциясында (2019 ж.) сөйлеген сөзінде: «Жаңа ұрпақты алдағы сын-қатерлерге дайындау қажет. Олар еңбексүйгіштік идеялары мен құндылықтары негізінде тәрбиеленуі тиіс. Тарихи терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті» (Мағжан Жұмабаев). Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс. Лайықты

университетінде Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасымен бірлесе отырып, «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен «Адамзаттың екінші ұстазы» атанған энциклопедист ғалым, ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы Даланың рухани ұстазы» тақырыбындағы халықаралық онлайн-дөңгелек үстелі өткізілді. Ұлы Даланың ұлағатты тұлғасы Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын бүгінгі жаңа ұрпаққа тереңірек таныту, жан-жақты жүйелі насихаттау мақсатында ұйымдастырылған халықаралық онлайн-дөңгелек үстел жұмысына университеттің профессор-оқытушылары мен магистрант-студенттеріне қоса, Орал қаласы мектептерінің тарих пәні мұғалімдері, педагог-зерттеушілері зор ынта-ықыласпен көптеп қатысты. Бұл ретте дөңгелек үстел басындағы басқосу жиынына Г.А.Төлегенова (Жұбан Молдағалиев атындағы №2 ЖОББМ), Л.С.Сисенова (№22 ЖОББМ), А.Т.Ережепова (М.Б.Ықсанов атындағы №36 ЖОББМ), А.М.Шәріп (Серебрякова ЖОББМ), С.З.Халелова (№47 ЖОББМ), Г.Е.Мажимова (№18 ЖОББМ), Е.Ұ.Тілегенов (Хиуаз Доспанова атындағы №30 ЖОББМ), М.М.Сағитова (№9 ЖОББМ), Б.Е.Бисенғалиева (Ахмет Байтұрсынов атындағы №10 ЖОББМ), Н.Н.Храмова (№13 ЖОББМ), Ж.Т.Жұмабай (А.С.Макаренко атындағы №6 ЖОББМ), Н.И.Алышева (Круглоозерное ЖОББМ), Қ.А.Тастілеуов (№17 ЖОББМ), К.М. Саядян (№16 ЖОББМ), М.Б.Даулетиярова (№3 ЖОББМ), Г.Ә.Құжахметова (№9 ЖОББМ), С.В.Бабий (№7 ЖОББМ), Қ.Т.Өтешқалиева

ғасырдың әл-Фарабиі, фарабитанудың негізін салушы ғалым», «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Шайхиев Тұрар Төлегенұлы «Әл-Фарабидің мемлекеттік билік және басқару туралы ілімі», магистр-оқытушы Танзенов Даниял Жұпмағамбетұлы «Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатындағы білім мен тәрбие мәселесі», Орал қаласының №1 ЖОББМ тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Билялова Гүлбаршын Тасқалиқызы «Оқу-тәрбие үрдісінде әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеяларын тиімді қолданудың жолдары», ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері, филология факультетінің III курс студенттері Белекбаева Жеңісгүл Қамбарбекқызы «Әбу Насыр әл-Фараби Ұстаз тұлғасы жөнінде», Батырғалиева Әйгерім Батырғалиқызы «Ұлы Дала ғұламасы», «Филология: қазақ тілі» мамандығында оқитын студент Батенова Альбина Қобыландықызы «Әбу Насыр әл-Фарабидің «Риторика» трактаты туралы» тақырыптарында өзіндік талдамаларын ұсына білді. Шара барысында университеттің Ғылыми кітапханасының директоры Әлімбаева Тоты Еркінқызының жетекшілігімен «Әбу Насыр әл-Фараби – Шығыстың Аристотелі» тақырыбында көрме дайындалып, университеттің Ғылыми кітапханасының библиографы Алена Викторқызы Наугольная тарапынан кең көлемді сипаттама жасалды. Махамбет бабамыз атындағы білім ордасында ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын насихаттау мақсатындағы кешенді іс-шаралар өз жалғасын табады сөзсіз.

Журналист («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – Жанар Қабдірахимқызы, Фил-31-топ («Филология: қазақ тілі» мамандығы). Редакция мүшелері – Индира Аманжолова, Гүлжазира Амангелдиева, ҚТӨ -11-топ, Аяулым Аманқызы – ҚТӨ-13-топ. Кеңесшісі – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, ҚР Журналистер одағының мүшесі

2019 жылғы қаңтардың 30-ынан шыға бастады

Рухани жаңғыру

Жастар ЖҮЛДІ
ҚАЗАҚСТАН 2019

Рухани жаңғыру

Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

Жалпақ әлемді ауызыңа қарату үшін, рухани өрлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек.
Әбіш КЕКІЛБАЕВ, классик жазушы

«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №3(14), наурыз, 2020 жыл



Өзекті

ШЕШЕНДІК КӘСІБИ МАМАН КӨРКІ ЕМЕС ПЕ?

Шешендік – тыңдаушылардың жансезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдардың жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер. Шешендік – өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, ескен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты туындылардың тағылым-тәрбиесі. Шешендік - өз дүниетанымының нәрлі нәтижесі. Асқақ ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерін өнердің ең биігі тұрғысында бағалаған. Бүгінгі қазақ елінде, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде шешендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесі аса өзекті. Ал жастарды шешен сөйлеу мәдениетіне баулу жұмысы – өз алдына мән-мағынасы зор іс. Осы

кандидаты Мұқанбетқалиев Әскен Самұратұлы, PhD доктор Ақболов Айдарбек Ахметұлы енгізілді.

Конкурс шарты бойынша әр топ өз жүрек қалауларымен алдын ала бір-бірден тақырып таңдап, 5-7 минут ішінде таңдаған тақырыптары бойынша презентация жасап, шешендік ілімінің басты қағидаларына қатысты шаршы топ алдында ауызша қорғай білді. Осы тұста сайысқа қатысушы конкурсанттардың сөйлеу мәдениеті мен актерлік шеберлігі, дикциясы мен интонациясы, тұлғалық қалпы, өзін-өзі ұстауы, киім киісі, тақырыптық слайд әзірлеудегі сауаттылығы, уақыт мөлшерін ұтымды пайдалануы баса ескеріліп, 10 ұпайлық деңгейде бағаланды.

Конкурсанттардың әрқайсысы сөз сөйлеудегі шеберлік

кірісіп, бар өнерін ортаға сала білді. Шешендер сайысының тартысты болғаны соншалық, қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтаудың оп-оңай болмағанын жасырмады. Жүлделі **III орынды** үш жұп қанжығаларына байлады. Олар – «Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта» тақырыбында өз ойларын жеріне жеткізе айта алған Күнсұлу Абатбаева мен Гүлсұлу Башеновалар, «Үндемегеннің өзі де жауап» тақырыбымен жарыс жолына батыл шыға алған Ақниет Қайырғалиев, Батырбек Жанболатов және Құндыз Рахымдар үштігі, «От сықылды жылы болсын сөзіңіз бен жүзіңіз» тақырыбымен ой бөліскен Ернұр Кінәмә мен Назерке Омаровалар. Ал **II орынға** «Шешеннің тілі – шебердің бізі» тақырыбымен аудиторияны тамсанта алған Жанар Қабдырахимова,



арнада ақпан айының 21-інде Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Шешендік – ұстаз көркі» акциясы аясында «Үздік шешен-ділмар студент» байқауы өткізілді. Байқау университетіміздің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі, белгілі шешендіктанушы ғалым Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының жетекшілігімен ұйымдастырылды. Аталмыш шешендік байқауында филология факультетінің III курс студенттері бақ сынады. «Үздік шешен-ділмар студент» байқауының басты мақсаты – жастарға шешендік өнерді дәріптеу, шаршы топ алдында шешендіктану ғылымының қағидалар үдесінен табылу, отансүйгіштікке баулу, қазақ тілінің мәртебесін көтеру.

Шешен сайыпқырандары сайысының шымылдығын III курс студенті Ақниет Қайырғалиев Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік сөзімен ашты. Сөз кезегін 2019 жылы «Халық қалаулысы» республикалық сайысы аясында «Жыл ұстазы» атағын иеленген, *университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер* жөніндегі проректоры Дәрішева Түймеш Малбағарқызы алып, байқауға қатысушыларға сәттілік тілеп, ыстық ықыласы мен жылы лебізін білдірді.

Қуанарлығы, конкурсқа қатысуға ниет білдірген студенттер санында шек болмады. Нәтижеде өтініштік білдірушілерді сараптап келе 20 жұл іріктелді. Әділқазы алқасы құрамы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының төрағалығымен жасақталып, құрамына университет түлегі, «Бизнес қауымдастық» ЖШС директоры, өңірге танымал кәсіпкер Сатқанов Дәурен Сәбитұлы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің филология және оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Әжіғалиев Марат Қайыржанұлы, Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының

білік-дағдыларын танытып, шешендік қалпын шыңдап, пайым-түйіндерін паш етуге тырысып-ақ бақты. Байқауға қатысушылар «Тыңдай білу – ұлылық» (Әйгерім Батырғалиева, Жеңісгүл Бөлекбаева), «Шешендік – тұлға сәні» (Айнұр Төрмұрат, Айтолқын Хайрушева), «Сөз сөйлеуге даярлық – демосфендік дағды» (Аяжан Қуанышева, Бати Шығыс), «Шешеннің тілі – шебердің бізі» (Жанар Қабдырахимова, Марат Өтешқалиев, Жанетта Алмурзина), «Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар» (Гүлсайран Мақсотова, Қарлығаш Аманғосова), «От сықылды жылы болсын сөзіңіз бен жүзіңіз» (Ернұр Кінәмә, Назерке Омарова), «Ұстамды әрі орынды сөйлеу ділмәрлықтан көп артық» (Алтынай Бақытжанова, Албина Аралтаева), «Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас» (Әсем Аминова, Әділет Есжанов, Аида Жиеналиева), «Үндемегеннің өзі де жауап» (Ақниет Қайырғалиев, Батырбек Жанболатов, Құндыз Рахым), «Сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ» (Айшолпан Қадырова, Мөлдір Жолдасова), «Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта» (Күнсұлу Абатбаева, Гүлсұлу Башенова), «Барлық жеңіс – өзіңді-өзің жеңуден басталмақ» (Бейбарыс Рахым, Алмаш Асылбекова), «Ауызыңда езілі жоқтың қолында шоқпары бар» (Гүлпәти Каримуллина, Сымбат Камалова), «Сөйлесу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат» (Ботагөз Абат, Дина Нұрғалиева), «Естіге айтқан тура сөз – шыңға тіккен түмен тең» (Айсана Қуанышкереева, Толғанай Исаева, Гүлдәурен Әлиева), «Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды» (Албина Батенова, Айым Хусайнова), «Дәлелсіз сөз желмен тең» (Бақытгүл Нұрланова, Ләйле Қайроллаева), «Жүйелі сөз – киелі» (Айдана Отарбаева, Ақнұр Сырым), «Адамның ұқпағаны – бойына жұқпағаны» (Назгүл Оразбай, Досан Қобыланұлы, Ақгүл Өтепова), «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (Тоғжан Салақеденова, Мадияр Өтегенов) секілді кесек тақырыптарды қозғай келе, қоғамдағы шешен сөйлеу мәдениетіне қатысты өзекті мәселелерді тарата таразылады.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, сайысқа қатысушылар жеңіс жолында білек сыбана

Марат Өтешқалиев, Жанетта Алмурзина үштігі, «Жүйелі сөз – киелі» тақырыбымен төңірегіне тұңғышқой сыйлаған Айдана Отарбаева, Ақнұр Сырым сынды жұптар жайғасты. Жүлделі **I орынды** «Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды» тақырыбымен ой тұздығын келістіре өрген Айым Хусайнова, Албина Батеновалар иеленсе, ал Бас жүлдені «Тыңдай білу – ұлылық» тақырыбында байқаудың күллі қағидаларына сай тыңғылықты әзірленіп, ағыл-тегіл тер төккен еңбекқор студенттер, Қазақстан Республикасы Президенті атындағы атаулы шәкіртақ иегерлері Әйгерім Батырғалиева және Жеңісгүл Бөлекбаевалар жеңіп алды. Турасын айтсақ, сайыстың басынан-ақ осы жұп көрермен көзайымына айналып, күллі аудиторияны да, қазылар алқасын да тәнті етті.

Жүлделі орындардан бөлек қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары да ұсынылды. Ынталандыру сыйлығының иегерлері ретінде «Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас» тақырыбында тамылжыта ой таратқан Әділет Есжанов, Әсем Аминова, Аида Жиеналиевалар, «Барлық жеңіс – өзіңді-өзің жеңуден басталмақ» тақырыбымен ой бөліскен Бейбарыс Рахым, Алмаш Асылбековалар, «Естіге айтқан тура сөз – шыңға тіккен түмен тең» тақырыбының түбін түсіре айтқан Айсана Қуанышкереева, Толғанай Исаева, Гүлдәурен Әлиевалар; «Сөйлесу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат» тақырыбында тіл безеген Ботагөз Абат, Дина Нұрғалиева жұптары танылды.

Шешендік байқауына қатысушылардың баршасы да арнайы әзірленген сертификаттарға ие болып, ескерткіш сыйлықтармен марапатталды. Дүлдүл кәсіби шешендікке баулыған «Үздік шешен-ділмар студент» байқауы естелік суретке түсумен өз мәресіне жетті. Біздіңше, бұл күнгі шешендік байқауына қатысқан әр студенттің кеудесінде «шынында да, шешендік кәсіби маман көркі емес пе?» деген бір-бір риторикалық сауал кеткені кәміл.

Күнсұлу АБАТБАЕВА,
ҚТӘ-33-топ («Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы»)

Олимпиададан жүлделі

4-9 наурыз күндері Ридер қаласында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің арасында Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған VIII қысқы универсиада өткен болатын. Оған жалпы саны 14 командадан 100-ге жуық студенттер қатысты.



Байрақты бәсекеге университетіміздің дене шынықтыру және спорт мамандығының студенттері Бекарыс Бейбітұлы, Бекзат Бауыржанов Мұстафа Махамбетұлы, Нұрсұлтан Жәнібек, Надежда Серікова, Жайна Асыланбекқызы, туризм мамандығының студенттері Мөлдір Джолдыгулова, Аида Кенжегереевалар қатысты.

Жарыс 4 кезең бойынша өткізілді. Қатысушылар алғашқы күні орта қашықтықтан, екінші күні эстафетадан, 3-4-күндері қысқа қашықтық бойынша бақтарын сынады.

Төрешілердің төрелігімен Мұстафа Махамбетұлы «Спринт» спорттық сайысында жекелей есепте жүлделі III орынды межелеп, 2021

жылы Швеция елінде өтетін жалпы дүниежүзілік универсиадаға жолдама алды. Ал, жалпы командалық есепте қыздар командасы 4-орынды, ұлдар командасы 5-орынды иеленді.

Спортшыларымызды құттықтай отырып, алдағы бәсекелерге де сәттілік тілейміз!

Поздравляем!

Поздравляем с присвоением академического звания **ПРОФЕССОРА** Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова **ИСМАГУЛОВА Хамеша Исмагуловича** и **КУБАШЕВА Темирбулата**.

От всего сердца желаем Вам крепкого здоровья, успехов, бодрости духа и неиссякаемого оптимизма на долгие годы!

Хамеш Исмагулович - преподаватель ЗКГУ им. М.Утемисова, доцент кафедры теории и методики физического воспитания, самбист, тренер, 2-кратный чемпион Казахстана 1964-1965 г., Серебряный призер СССР среди студентов 1967г. Является 4-кратным чемпионом мира среди ветеранов. В 1968 году присвоено звание «Мастер спорта СССР по борьбе самбо».

Кубашев Темирбулат - внештатный советник акима города с 2009 по 2012 годы. С 2006 по 2010 год - исполнительный директор Западно-Казахстанского филиала республиканского общественного объединения «Ак Орда». В 1998-2004 г.г. исполняет обязанности старшего должностного лица в региональном туристско-спортивном комплексе, внеся значительный вклад в появление ряда конкурентоспособных на мировом уровне спортсменов в регионе. Последние тридцать шесть лет работал в должности преподавателя, заведующего кафедрой, доцентом Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова.

Спортшылар жүлделі

13 наурыз күні дзюдо күресінен жоғары оқу орындары және колледж студенттері арасында КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қамеш Исмағұлұлы Исмағұловтың 80 жас мерейтойына арналған қалалық ашық турнир өтті.

Турнир нәтижесі бойынша университетіміздің студенттері:

55 кг салмақ бойынша Найманов Темирлан 3-орын;
60 кг салмақ бойынша Қабдолов Армат 1-орын;
Жолдасқалиев Қазбек 3-орын;
66 кг салмақ бойынша Бақтығалиев Шерхан 3-орын;
90 кг салмақта Хамзин Замир 1-орынды иеленді.



Біздің мақтанштарымыз!

Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында жоғары оқу орындары арасында өткен XII Республикалық студенттік пәндік Олимпиадасында «Актерлік өнер» мамандығы «Режиссура» пәні бойынша М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Раушан Дәуітова (жетекшісі



– А.Елекенова), «Сахна тілі» пәні бойынша «Әдеби көркем шығармалардан құрылған композиция» номинациясы бойынша Фариза Оңғарсынова өлеңдерінен композициялық қойылым қойған университетіміздің «Режиссура» мамандығының студенттері (жетекшісі – Ә.Мамбетова) жүлделі III орынды иеленді.

«Creativ Past» республикалық жастар қозғалысы «Жұлдызды Олимп» республикалық байқауында бас жүлдеге ие болды.

Алматы қаласында өткен педагогикалық мамандықтар студенттері арасындағы жаратылыстану пәндері бойынша халықаралық студенттік олимпиадада биология ғылымдарының кандидаты, доцент Бимагамбетова Гульнара Адилгиреевнаның жетекшілігімен биология мамандығының студенттері Нұрымхан Рүстем, Әбілтай Ақбаян, Серік Зарина 2-орын иегерлері атанды.

Алматы қаласындағы Нархоз университетінің ұйымдастыруымен «Жастар ғылыми апталығы – 2020» халықаралық жастар форумы өткен болатын. Осы форум аясындағы Республикалық студенттік пәндік олимпиададан М.Өтемисов атындағы БҚМУ студенттері Смағұл Мағжан Әмірзақұлы, Альмира Байғазы, Ғазизова Гүлдана Қаныбекқызы «Макроэкономика» пәні бойынша жүлделі II орынды иеленді.

3-5 наурыз күндері Ақжайық ауданы Чапаев ауылында Еркін және әйелдер күресінен 2000-2002 жылы туған жастар мен қыздар арасындағы Батыс Қазақстан облысының чемпионатында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттері жүлделі орындарды иеленді. Атап айтсақ:

Бексұлтан Сәрсенбай I орын;
Төребек Ғарифуллин II орын;
Бекзат Кеңесов II орын;
Бейбарыс Жұмағалиев III орын;
Рауан Қуанов III орын иегері атанды.

Құттықтаймыз!



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР Өңделеді. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 603

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІПЕР: Сая ДУЙСЕНБАЙ, Аида ОРАЗОВА,

Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,

Анэля ЖОНЫСОВА

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

КОРРЕКТОР: Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,

Ауельбеков көшесі, 98.

Тел.: 8-716-2-25-14-90